

1. Жалпы ақпарат

1.1. Білім беру бағдарламасының атауы	білім берудегі зерттеулер	
1.2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша топ:	Жетекші университет	Қатысушы университеттер
	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	М.Х.Дулари арасындағы Тараз өңірлік университеті
		Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті
		Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
		К.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті
		Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
		Павлодар педагогикалық университеті
1.3. Білім беру бағдарламасының типі (Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес)	МАГИСТР ДӘРЕЖЕСІ 7-деңгей	

1.4. Жалпы Академиялық кредит саны	120
1.5. Оқу түрі	Күндізгі оқыту
1.6. Бағдарламаның болжалды ұзақтығы	2 жыл
1.7. Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	<p>Бұл <i>"Білім берудегі зерттеулер"</i> білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл білім беру бағдарламасы ұлттық болғандықтан, ондағы сипаттамалық мәтіндерде нақты ақпарат жоқ, бірақ жалпы педагогикалық қағидаттар мен тақырыптар қамтылған (сонымен қатар 1-қосымшаны қараңыз.). Толығырақ сипаттамалар, мысалы, әдіснамалар мен бағалау институционалдық және өңірлік жағдайларды ескере отырып, жоғары оқу орындарының іске асыру жоспарларында айқындалатын болады.</p> <p><i>«Білім берудегі зерттеулер»</i> білім беру бағдарламасы (БББ) – білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру зерттеулеріне маманданғысы келетін мұғалімдер мен басқа мамандарға арналған магистрлік деңгей бағдарламасы. БББ педагогикалық компоненттен (20 академиялық кредит), пәндік компоненттен (65 академиялық кредит) және ғылыми-зерттеу компонентінен, соның ішінде магистрлік диссертациядан (35 академиялық кредит) тұрады.</p> <p>БББ 5 модульден тұрады: “Жалпы білім беру, “Білім беру зерттеулерінің дизайны”, “Зерттеу әдістері”, “Зерттеу этикасы және адалдылық”, “Коммуникация және зерттеулерді тарату”, “Магистранттың зерттеу жұмысы”.</p> <p>БББ білім берумен байланысты көптеген салалар – психология, әлеуметтану және т.б. тоғысқан салада</p>

жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Осы БББ меңгергеннен кейін түлектер әртүрлі жағдайларға сәйкес рационалды зерттеу тәсілдерін қолдана отырып және жаңа құндылықтарды құру үшін этикалық тұрақты рәсімдерді қолдана отырып, білім беру зерттеулерін жүргізе алады. Түлектер білім беру тәжірибесін дамыту құралы ретінде зерттеу процедураларын да пайдалана алады. БББ іс-әрекетті зерттеу философиясын ұстанады, бір мезгілде әрекет ету және сыни ойлаумен байланыстырылған зерттеулерді жүргізу арқылы трансформациялық өзгерістерге ұмтылады.

1.8 Білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру:

Педагогтың құзыреттілігі педагогика саласындағы және оның пәндік саласындағы құзыреттілігін әр түрлі қызмет жағдайында оқытудың теориялық және практикалық құзыреттілігімен біріктіреді. Мұғалім өз пәніне қажетті білім мен дағдыға ие, сондықтан бір пәнді оқитын жастар мен ересектерге білім беріп, бағыт-бағдар бере алады.

Мұғалімнің құзыреттілігі жоспарлауға, бағыттауға, оқытуға және бағалауға бағытталған. Сондықтан мұғалімнің оқыту және құзыреттіліктерін дамыту бойынша жеткілікті теориялық білімі болуы керек. Сонымен қатар, бүгінгі еңбек ету саласында ынтымақтастық пен байланыс құруға, дағдыларды дамытуға, өзінің және айналасындағылардың әл-ауқатын қолдау мен сақтауға баса назар аударылады.

Мұғалімнің құзыреттілігіне еңбек нарығындағы, білім беру құрылымындағы, жалпы қоғамдағы өзгерістер әсер етеді; осы элементтердің барлығы мұғалім жұмысының қарқынды сипатын көрсетеді. Жұмыс жағдайында болатын түрлі құбылмалы өзгерістер мұғалімнің өз қызметін бағалай алу мен реттей алу қабілетіне көңіл аудартады. Өзін-өзі бағалау дағдысы кәсіби тұлғаны дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалімдер үнемі құндылықтарға негізделген шешімдер қабылдайды, бұл кәсіби этика мәселелерін қарастыру қажетті кәсіби дағдылардың бірі екенін білдіреді. Өзгерістер сарапшылық білімді дамытуды, үйрену қабілетін, сондай-ақ реформалау және қоғамдағы жұмыс істеу әдістерін жаңартып отыруды талап етеді.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) педагогикалық компонент, 2) пәндік компонент, 3) зерттеу компоненті. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады.

Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді:

- Құзыреттілік әдісі;
 - Конструктивті (сындарлы) келісім;
 - Студенттерге бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер;
 - Зерттеуге негізделген оқыту;
 - Пәнаралық оқыту;
 - Инклюзия;
 - Педагогтардың кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару;
- (толығырақ ақпаратты Қосымшадан қараңыз).

2. Бағдарламаның негіздемесі

Дүниежүзілік банк қолдап отырған білім беруді жаңғырту жобасының аясында жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдердің тұтас дамуын қамтамасыз ететін құзыреттілікке бағдарланған білім беру қағидастарына сәйкес педагогикалық білім берудің отыз (30) білім беру бағдарламасын халықаралық әріптестікте қайта қарады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерге бағдарланған тәсіл Болашақ мұғалімдер өздерінің сыныптағы жұмысына көшіре алатын, практикалық мысалдар, эксперименттер және тәжірибе ұсыну арқылы оларды мұғалім кәсібіне жақсырақ дайындайды.

Жаңартылған бастауыш және орта білім беру талаптарына сай болу үшін педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері қайта бағаланып, толықтырылуы тиіс. Орта білім берудегі жаңа тәсілдер педагогикалық білім беруде, түлектердің бейінінде көрініс табуы керек. Сондай-ақ, (30) жаңартылған немесе жаңа білім беру бағдарламалары болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібінде маңызды жалпы құзыреттіліктерін тиімдірек жетілдіру мақсатында әзірленді. Инклюзивтілік және пәнаралық сынды қазақстандық білім беру жүйесі дамытуға тырысатын, бірқатар педагогикалық қағидалар назарға алынды. Сонымен қатар, бұл білім беру бағдарламаларында қауымдастық пен бүкіл білім беру секторын дамыту үшін жеке тәжірибесі мен мектептерінің іс жүзіндегі қызметін үнемі талдап, бағалай алатын практик-педагог болатындай болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктері

Мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктері педагогикалық құзыреттіліктер мен пәндік құзыреттіліктерден, сонымен қатар зерттеу құзыреттіліктерден тұратын ретінде анықталады.

3.1. Педагогикалық және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

- **Ғылыми ойлауға арналған құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар зерттеу әрекеті барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін қажетті зерттеу әдістерін қолдана алады. Магистранттар заманауи теория мен практиканың мүмкіндіктерін талдай алады. Магистранттар өз мамандығы бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерді жүргізе алады.

- **Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер аясы**

Магистранттар тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады. Магистранттар алған тілдік дағдылар мен мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын кәсіби қызметінде қолдана алады.

- **Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар проблемалық педагогикалық және кәсіптік жағдаяттарға сыни талдау жүргізіп, жоғары оқу орындарының педагогикасының одан әрі даму бағыттарын анықтай алады. Магистранттар білім беру ұйымдарындағы оқу ортасы мен үдерісінің даму бағыттарын ұйымдастыруға, енгізуге, түзетуге және болжауға қабілетті. Магистранттар жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, студенттері мен әріптестерін ынталандыру мақсатында оңтайлы көшбасшылық стилін өз мамандығында қолдана алады. Магистранттар сонымен қатар топтық және тұлғааралық үдерістерді, сондай-ақ педагогикалық іс-әрекет кезінде өзінің мінез-құлқын және басқа адамдардың мінез-құлқын басқара алады. Магистранттар оқу үдерісінің мазмұны мен формаларын жобалауда, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде, сондай-ақ оқытудың интерактивті әдістерін таңдауда және қолдануда оқытушы ретінде заманауи әдістемелерді пайдалана алады.

3.2 Пәндік және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

- **Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар әртүрлі білім беру тәжірибесін жасайды, зерттейді және таратады. Магистранттар зерттеу әдістемесін іс-әрекетте біледі, зерттеу мақсатына, оның мәнмәтініне және басқа да жағдайларға байланысты әр түрлі зерттеу әдістерін (сапалық және сандық) түсінеді және қолдана алады және зерттеу нәтижелеріне байланысты шешім қабылдай алады. Магистранттар талғампаз, ғылыми зерттеулер саласында өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады

- **Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар зерттеулерді мақсатты аудиторияның әл-ауқатын сақтауға және жақсартуға, жаңа құндылықтарды жасауға, жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге және үнемі жақсартуға бағытталған тұрақты этика қағидаттарына сәйкес жүргізеді. Магистранттар өздерінің этикалық құқықтарын қорғайды және этикалық қағидаларды қатаң сақтайды, өздерін этикалық деп санайды, зерттеушілердің ережелерін сақтайды.

- **Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар өз зерттеулерін тарату және оны өмірге енгізу дағдыларына ие, оның әсерін бағалай алады, өз жұмысы туралы ойлана алады, мәдени зияткерлікке ие (біздің айырмашылықтарымызды түсіну және шынайы құрметтеу) және мәдени нюанстарды анықтау және қабылдау қабілеті жоғары, басқалардың әртүрлілігіне шеберлікпен қабылдайды.

3.3. Зерттеу компоненті: құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

- **Зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы**

Магистранттар зерттеудің құрылымы мен тәртібін жоспарлай алады және зерттеуді, талдауды, нәтижелерді жүйелеуді, сонымен қатар қорытынды жасап, оларды дәлелдей алады. Магистранттар ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентацияларды кәсіби түрде дайындап, олармен бөлісіп, сондай-ақ оларды кәсіби қызметінде пайдалана алады.

4. Бағдарлама құрылымы және оқу нәтижелері

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктері педагогикалық құзыреттіліктер мен пәндік құзыреттіліктерден, сондай-ақ жалпы құзыреттерден тұратын ретінде анықталады. Демек, білім беру бағдарламасы үш компоненттен тұрады: 1) Педагогикалық компонент, 2) Пәндік компонент және 3) Зерттеу компоненті. Құзыреттілік салалары әрбір компонент бойынша жеке анықталды (3-қараңыз).

Компонент	Курстар
Педагогикалық компонент (жоғары оқу орны компоненті)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ғылым тарихы мен философиясы 2. Шетел тілі 3. Жоғары білім беру педагогикасы 4. Басқару психологиясы 5. Педагогикалық практика
Пәндік компонент (жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім беру саласындағы эмпирикалық зерттеулерге кіріспе 2. Зерттеуді әзірлеу. мәліметтерді жинақтау және талдау 3. Өзгерістерді басқару 4. Жобаны басқару 5. Зерттеу мен мәліметтерді жинақтаудың сапалық әдістері 6. Зерттеудің сандық әдістері және статистикалық талдау 7. Сапалық талдау әдістерін терең зерттеу 8. Сандық талдау әдістерін терең зерттеу 9. Әрекеттерді зерттеу 10. Зерттеулерге негізделген шешімдерді қабылдау 11. Білім беру саласындағы саясат 12. Зерттеудің тұтастығы 13. Алуандық пен бірегейліктің әлеуметтік және этикалық тұстары 14. Зерттеу, әлеуметтік және білім беру ортасының өзара әрекеттестігі 15. Зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша тарату
Зерттеу компоненті (жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әдебиеттерді шолу және эмпирикалық мәліметтерді жинау 2. Зерттеу практикасы 3. Магистранттың зерттеу жұмысы (осының атауының басқа нұсқалары: ғылыми семинар) 4. Қорытынды аттестаттау

4.1. Бағдарлама құрылымы

Code	Модуль атауы және Базалық пәндер	
GES-Ms	ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
GES-Ms 701	Ғылым тарихы мен философиясы	
GES-Ms 702	Шетел тілі	
GES-Ms 703	Жоғары білім беру педагогикасы	
GES-Ms 704	Басқару психологиясы	
GES-Ms 705	Педагогикалық практика	
ERD-Ms	БІЛІМ БЕРУ ЗЕРТТЕУІНІҢ ДИЗАЙНЫ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
ERD-Ms 706	Білім беру саласындағы эмпирикалық зерттеулерге кіріспе	
ERD-Ms 707	Зерттеуді әзірлеу. мәліметтерді жинақтау және талдау	
	Таңдау бойынша компонент	
ERD-Ms 1008/1	Өзгерістерді басқару	
ERD-Ms 1008/2	Жобаны басқару	
RSM-Ms	ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
RSM-Ms 801	Зерттеу мен мәліметтерді жинақтаудың сапалық әдістері	
RSM-Ms 802	Зерттеудің сандық әдістері және статистикалық талдау	
RSM-Ms 903	Әрекеттерді зерттеу	
	Таңдау бойынша компонент	
RSM-Ms 904/1	Сапалық талдау әдістерін терең зерттеу	

RSM-Ms 904/2	Сандық талдау әдістерін терең зерттеу	
RSM-Ms 905/1	Зерттеулерге негізделген шешімдерді қабылдау	
RSM-Ms 905/2	Білім беру саласындағы саясат	
REI-Ms	ЗЕРТТЕУ ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ АДАЛДЫЛЫҚ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
REI-Ms 701	Білім беру зерттеулерінің этикасы	
REI-Ms 802	Зерттеудің тұтастығы	
REI-Ms 903	Алуандық пен бірегейліктің әлеуметтік және этикалық тұстары	
CDR-Ms	КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАРАТУ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
CDR-Ms 801	Зерттеу, әлеуметтік және білім беру ортасының өзара әрекеттестігі	
CDR-Ms 902	Зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша тарату	
RW-Ms	МАГИСТРАНТТЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ	
	Жоғары оқу орны компоненті	
RW-Ms 801	Әдебиеттерді шолу және эмпирикалық мәліметтерді жинау	
RW-Ms 1002	Зерттеу практикасы	
RW-Ms 8910	Магистранттың зерттеу жұмысы (осының атауының басқа нұсқалары: ғылыми семинар)	
FinEx	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ	
	Барлық академиялық кредит	
Жалпы білім беру 20 академиялық кредит		
<p>Модульді зерделеу барысында магистранттар өздерінің педагогикалық кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыру үшін зерттеулер, коммуникация және менеджмент саласындағы құзыреттерін дамытады.</p> <p>Модуль ғылыми-педагогикалық магистратураның барлық білім алушыларына ортақ (мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес)</p>		

пәндерді қамтиды және білім алушыларға бағдарламаға қарамастан кез келген магистранттан талап етілетін ең төменгі білім мен дағдыларды алуына кепілдік береді.

Курс атауы	Ғылым тарихы мен философиясы
Компонент	Педагогикалық компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Жалпы білім беру 20 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми ойлау үшін құзыреттіліктер саласы • Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы <p>Курс барысында магистранттар ғылымның пайда болған кезінен бастап неоклассикалық ғылымның қазіргі кезеңіне дейінгі тарихын, қазіргі ғылым философиясының эволюциясы мен негізгі концепцияларын, сонымен қатар ғылымның негізгі ішкі жүйелерінің философиялық мәселелерін зерттейді. Магистранттарда ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасып, олардың аналитикалық қабілеттері мен зерттеушілік дағдылары дамиды. Магистранттар педагогикалық зерттеулерге қатысты ғылым философиясының негізгі онтологиялық және эпистемологиялық теориялары мен негізгі көзқарастарын түсінеді.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • білім беруді зерттеу тұрғысынан онтологиялық және эпистемологиялық теорияларды түсінеді;

	<ul style="list-style-type: none"> • эпистемологиялық тәсілді қолдана отырып, зерттеу әрекеті барысында туындайтын феномендер мен құбылыстарды бағалайды және зерттейді; • өз зерттеулерінің мақсаттары мен сұрақтарына байланысты тиісті философиялық тұжырымдамаларды таңдайды; • қазіргі теория мен практиканың шындығын талдайды және түсінеді; • Зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастырады, қазіргі эпистемология ережелерін пайдалана отырып, өзіндік зерттеу идеяларын тұжырымдайды.
Курс атауы	Шетел тілі (кәсіби)
Компонент	Педагогикалық компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Жалпы білім беру 20 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер • Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы <p>Курс барысында магистранттар кәсіби шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытады, бұл оларға оқытушы ретінде шетел тілінде кәсіби қызметінің әртүрлі тұстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.</p>
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:

	<ul style="list-style-type: none"> • тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін ауызекі шетел тілін пайдаланады; • алған білімдерін, қалыптасқан шет тілін меңгеру дағдыларын және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын кәсіби және педагогикалық қызметте қолданады.
Курс атауы	Жоғары білім беру педагогикасы
Компонент	Педагогикалық компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Жалпы білім беру 20 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер • Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы <p>Курс барысында магистранттар өздерінің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерін дамытады. Олар сондай-ақ педагогика ғылымы мен жоғары білім беруді дамытудың заманауи мәселелері бойынша өздерінің саналы кәсіби ұстанымдарын қалыптастырады. Магистранттар жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде жоғары білім саласындағы өзекті педагогикалық мәселелерді шешу үшін өздерінің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қабілеттерін дамытады.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық ғылым мен практиканың қазіргі жағдайын, сондай-ақ олардың жоғары

	<p>оқу орнындағы даму мәселелерін сыни тұрғыдан талдайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> • жоғары білім беруді дамытудың заманауи беталыстарын ескере отырып, өзінің оқытушылық қызметін жүзеге асырады; • жоғары оқу орындарында білім беру ортасы мен білім беру үдерісінің дамуын ұйымдастырады, енгізеді, түзетеді және болжайды.
Курс атауы	Басқару психологиясы
Компонент	Педагогикалық компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Жалпы білім беру 20 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми ойлау үшін құзыреттіліктер саласы • Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер • Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы <p>Курсты оқу барысында магистранттар іс жүзіндегі басқару психологиясының рөлі мен көп өлшемді тұстарының заманауи тұжырымдамаларымен танысады. Олар кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру үшін өздерінің психологиялық мәдениеті мен басқарушылық дағдыларын жетілдіреді.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оңтайлы

	<p>көшбасшылық стилі мен ынталандыру әдістерін қолданады;</p> <ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық қызметте топтық және тұлғааралық үдерістерді, сондай-ақ өзінің мінез-құлқын, сондай-ақ басқалардың мінез-құлқын басқарады.
Курс атауы	Педагогикалық практика
Компонент	Педагогикалық компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Жалпы білім беру 20 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы компетенции	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми ойлау үшін құзыреттіліктер саласы • Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер • Басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы <p>Педагогикалық практиканың мақсаты магистранттардың теориялық білімдері мен практикалық іс-әрекеттерінің өзара байланысын оларды нақты білім беру үдерісінде қолдану үшін қамтамасыз ету болып табылады. Педагогикалық практика барысында магистранттар университеттің қалауы бойынша бакалаврлар үшін сабақтарды өткізу арқылы практикалық оқыту дағдылары мен оқыту әдістерін дамытады.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жоғары оқу орындарында білім беру ортасы мен білім беру үдерісінің дамуын

	<p>ұйымдастырады, енгізеді, түзетеді және болжайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> • тәрбиелік жұмыстардың мазмұны мен нысандарын жобалайды, оқу-әдістемелік материалды әзірлейді, сонымен қатар заманауи интерактивті оқыту нысандары мен әдістерін таңдайды және қолданады.
--	--

Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит

Модуль барысында магистранттар әртүрлі зерттеу түрлерімен, білімді құрудың эпистемологиялық және онтологиялық негіздерімен танысады. Магистранттар зерттеу жұмыстарын жобалаудағы дағдыларын жетілдіреді және әлеуметтік ғылымдарды зерттеуде қолданылатын деректерді жинау мен өңдеудің әртүрлі техникалары мен әдістерін зерттейді.

Курс атауы	Білім беру саласындағы эмпирикалық зерттеулерге кіріспе
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар зерттеу үдерісін сапалы, сапалы және аралас зерттеу әдістері тұрғысынан түсінеді.</p> <p>Магистранттар өз түсінігін дамытады және білім беруде эмпирикалық зерттеулерді зерттеу құзыреттіліктерін, соның ішінде ақпаратты жинау</p>

	мен талдауды дамыту арқылы қолдану мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Магистранттар зерттеу нәтижелерін жалпылама қорытындылар түрінде ғана емес, сонымен қатар графиктерді, кестелерді, диаграммаларды және т.б. көмегімен рәсімдеуді үйренеді.
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • эмпирикалық зерттеулердің жіктелуін және қолданылу мүмкіндігін түсінеді; • ғылыми басылымдардан әдістемелік аппаратты анықтайды және оны талдайды; • тиісті эмпирикалық зерттеулерге (соның ішінде өз зерттеулеріне) гипотезалар мен зерттеу сұрақтарын қояды және оларды іс жүзінде жүзеге асыру әдістерін сипаттайды (семестрдің соңында магистранттар өз диссертациясының ұсынысын немесе ғылыми-әдістемелік аппаратын (thesis proposal) аяқтайды).
Курс атауы	Зерттеуді әзірлеу, мәліметтерді жинау және өңдеу
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар әртүрлі мәліметтерді жинау және талдау әдістерін қолдану туралы білімдерін кеңейте отырып, ғылыми зерттеулерді жобалау әдістемесін және осы әдістерді іс жүзінде жүзеге асыруды</p>

	зерттейді. Магистранттар сонымен қатар семинарларда өтпелі топтық жұмыс арқылы халықаралық және ұлттық зерттеулерді жобалау стандарттарын оқиды. Магистранттар зерттеу деректерін басқару негіздерімен, соның ішінде зерттеу деректерін қорғау және өмірлік циклімен таныстырылады.
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ғылыми зерттеу құрылымын түсінеді; • дизайн мен зерттеу әдістерін талдайды; • қарапайым эмпирикалық зерттеудің дизайны мен зерттеу әдістерін тұжырымдайды; • зерттеу жобасын әзірлеуде ынтымақтастық және топтық жұмыс дағдыларын қолданады; • өз диссертациясының ұсынысын немесе ғылыми-әдістемелік аппаратын (thesis proposal) аяқтайды.
Курс атауы	Өзгерістерді басқару
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Бұл курс адамдар топтары мен қауымдастықтарды ұйымдастыруға және басқаруға көбірек қызығушылық танытатын магистранттарға ұсынылады. Магистранттар білім беру ұйымының</p>

	ішкі және сыртқы үдерістеріндегі өзгерістерді талдау, сипаттау және жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері туралы түсінігін, соның ішінде эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы қалыптастырады. Бұған қызметкерлерді оқыту және қолдау, өзгерту үшін қажетті қадамдарды анықтау және табысты инновацияларды қамтамасыз ету үшін өзгерістерге дейін және одан кейінгі әрекеттерді бақылау кіреді.
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • әртүрлі стейкхолдерлер тұрғысынан білім беру жағдайындағы өзгерістер қажеттілігін бағалайды және тұжырымдамалайды; • тиісті деңгейдегі білім беру ұйымының бағдарламалық құжаттары түріндегі миссияларын, көрінісін әзірлейді; • негізгі деңгейде адам ресурстарын басқару туралы білімді қолдану және ортақ мақсатқа тартылған тараптардың ынтасын жақсартады. • үдерісті бақылайды және өзгерістердің соңғы нәтижесі туралы көріністі қалыптастырады;

Курс атауы	Жобаны басқару
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы

	<ul style="list-style-type: none"> • Өртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Факультативтік курс кез келген жобаларды, яғни нақты уақыты мен бюджеті бар іс-шараларды басқаруды үйренгісі келетін магистранттарға арналған. Педагогикалық және ғылыми қызметте бұл білім зерттеу жобалары жағдайында қажет. Магистранттар жоба талаптары мен жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін жобалық әрекеттерді орындау кезінде құралдар мен әдістер туралы білім мен дағдыларды меңгереді.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • зерттеулерге немесе білім беру ортасындағы өзгерістерге байланысты шағын жобаларды әзірлейді; • кем дегенде бір әдістемені пайдалана отырып, жобаны басқару рәсімдерін әзірлейді; • жоба менеджері және тәуекелдерді басқару тұрғысынан шағын қосалқы жобаны талдайды.

Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит

Модульді оқу барысында магистранттар зерттеу әдістері мен оларды қолдану туралы түсініктерін одан әрі кеңейтеді. Магистранттар сапалық немесе сандық зерттеу әдістері арасында таңдау жасауға дейін таңдауын қысқарту мүмкіндігін иеленеді. Модульді оқу барысында магистранттарға тәжірибенің үлкен көлемі беріледі, ал оқу нәтижелері ауқымды зерттеудің (көбінесе, бірақ міндетті түрде магистрдің диссертациясы) бір бөлігі болып табылады.

Модульдің пәндері талдаудың сандық және сапалық әдістерімен жалпы танысқаннан кейін білім алушы осы зерттеу салаларының біріне назар аудара алатындай етіп құрастырылған. Сонымен бірге зерттеудің аралас әдістерін қолдану әрбір тереңдетілген курста қолдау табады.

Курс атауы	Зерттеу мен мәліметтерді жинақтаудың сапалық әдістері
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар мәліметтер жинаудың әртүрлі сапалы әдістері туралы білімдерін кеңейтеді. Сапалы зерттеу әдістеріне парадигманың ығысуы инклюзивті мектеп тәжірибесіне көбірек сәйкес келетін құбылыстарды сипаттау қажеттілігі ретінде түсініледі. Магистранттар тақырыптық зерттеулердің, феноменологиялық зерттеулердің, этнографияның зерттеу әдісі ретіндегі ерекшеліктерін талдауды және т.б. үйренеді. Бұл курстың практикалық жұмыстарында магистранттар сипаттау, бақылау, сұхбат, NVIVO құралдары және т.б. арқылы теориялық білімдерін қолданады.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зерттеуді жүргізудің сапалы әдістерін орынды таңдайды; • сапалы әдістер мен шектеулердің мүмкіндіктеріне назар аударады; • сапалы зерттеу этикасын сақтайды; • әртүрлі жағдайларда контент-талдауды жүргізеді; • сұхбаттарды ұйымдастырады және жауаптарды топтастырады/жіктейді; • деректерді жинау және өңдеу үшін сандық құралдарды табады және қолданады.

Курс атауы	Зерттеудің сандық әдістері және статистикалық талдау
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар талдаудың сандық әдістерін зерттейді. Сандық әдістерді қолдану критерийі ретінде дәлелдемелер гипотезаларды негіздеуге және олардың расталуын / теріске шығаруын іздеуге мүмкіндік береді. Курс барысында магистранттар сандық әдістердің параметрлерінің: сенімділік, негізділік, дұрыстықтың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастырады және таңдаудың әртүрлі әдістерін және сандық зерттеу әдістері жағдайында қолданылатын әртүрлі мәліметтер жинау әдістерін меңгереді. Тәжірибелік сабақтарда магистранттар нөлдік және балама гипотезаларды, статистикалық гипотезалар және болжамдарды ұсыну, сондай-ақ оларды тексеру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Статистикалық бағдарламалардың демо-нұсқасын іс жүзінде қолдану олардағы бағдарды анықтайды</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сандық зерттеу әдістеріне бағдарланған;

	<ul style="list-style-type: none"> • статистикалық талдаудың құрылымын түсінеді; • нөлдік, балама және статистикалық гипотезаларды ұсынады; • гипотезалармен жұмыс істеудің статистикалық критерийлерін таңдайды; • критерийлерді есептеулердің математикалық мағынасын түсінеді; • зерттеу үшін Excel, SPSS (статистикалық) бағдарламаларын қолданады; • алынған статистикалық мәліметтерді көрнекі түрде сипаттайды және түсіндіреді.
Курс атауы	Әрекеттерді зерттеу
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар болашақ практиктер ретінде өз тәжірибесінің ұтымдылығы мен әділдігін арттыру мақсатында әлеуметтік жағдайларда жүргізілетін өзіндік рефлексиялық зерттеу дағдыларын меңгереді. Магистранттар әлеуметтік инженерия және әлеуметтік менеджмент саласындағы негіздер туралы түсініктерін дамытады. Магистранттар іс-әрекетте бірлескен зерттеу құзыреттілігін арттырады, әртүрлі деңгейдегі білім беру</p>

	бағдарламалары тұрғысынан зерттеу жүргізе алады, өзінің педагогикалық тәжірибесін зерттейді, педагогикалық дизайн негіздерімен танысады.
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • әрекетті зерттеу тәсілінің көмегімен зерттелетін және жетілдірілетін мәселені анықтайды және сипаттайды; • мұғалім ретіндегі жұмысы туралы және кәсіби маман ретінде ғана емес, сонымен қатар өмір бойы білім алушы ретінде өзінің дамуы туралы ойланады; • білім беру үдерісінің өзіндік тәжірибесін немесе құрылымдық элементтерін жетілдіру үшін әрекет пен ойларының циклдік үдерісін әзірлейді; • ғылыми зерттеулердің ақпараты мен нәтижелерін өз жұмысында қолданады; • педагогикалық жұмыстың тиімділігін тексеру үшін стратегияларды талдайды және қолданады.
Курс атауы	Сапалық зерттеу әдістерін терең зерттеу және мәліметтерді жинау
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы

	<p>Магистранттар бір немесе бірнеше сапалы деректерді жинау әдістері туралы білімдерін тереңдете түседі. Сондай-ақ олар зерттеу құралдарын жан-жақты зерттей отырып, сапалық әдістің ерекшеліктері туралы түсініктерін дамытады. Білім алушылар сапалық зерттеу әдістерінде деректерді талдаудың тетіктері мен ерекшеліктерін және талдаудың сандық әдістерімен қиылысуын егжей-тегжейлі зерттейді және нәтижесінде сапалы әдістерге баса назар аудара отырып, аралас әдісті анықтап, таңдап, сипаттай алады. Тәжірибелік жұмыс барысында магистранттар жобалау, әдісті (әдістерді) енгізу, нәтижелерді сипаттау және деректерді жинақтау және әсіресе, талдауды цифрлық қолдау тәжірибесін меңгереді.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сапалық және сандық әдістер арасындағы айырмашылықтар мен бірін бірі толықтыруларды түсіндіреді; • зерттеуді жүргізу әдісін таңдауды негіздейді; • әдістің мүмкіндіктері мен шектеулеріне назар аударады; • сапалық зерттеу этикасын сақтайды; • зерттеулерді жасайды, деректерді талдайды және ұсынады.
Курс атауы	Санадық зерттеу әдістерін және статистикалық талдау әдістерін терең зерттеу
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:

	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар конструктивті үйлестіруге негізделген сандық әдістер тобын (параметрлік емес критерийлер, параметрлік критерийлер, кластерлік, факторлық талдау және т.б.) тереңдетіп оқиды. Білім алушылар сандық зерттеу әдістерінде деректерді талдаудың тетіктері мен ерекшеліктерін және талдаудың сапалық әдістерімен қиылысуын егжей-тегжейлі зерттейді және нәтижесінде сандық әдістерге баса назар аудара отырып, аралас әдісті анықтап, таңдап, сипаттай алады. Практикалық сабақтар кезінде олар нөлдік және балама гипотезаларды, статистикалық гипотезалар мен болжамдарды құру, сонымен қатар оларды тексеру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Статистикалық бағдарламалардың демо-нұсқасын іс жүзінде қолданды, олардағы бағдарды анықтайды.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • алынған ақпаратты зерттеу мен талдаудың сандық әдістерінің тобын меңгерген; • статистикалық талдау әдістерінің құрылымын түсінеді; • осы әдіс(тер) үшін нөлдік, балама және статистикалық гипотезаларды ұсынады; • гипотезалармен жұмыс істеудің статистикалық критерийлерін таңдайды; • критерийлерді есептеудің математикалық мағынасын түсінеді және алынған мәліметтерді түсіндіреді; • зерттеулер жүргізу үшін Excel, SPSS (статистикалық) бағдарламаларын қолданады;

	<ul style="list-style-type: none"> • алынған статистикалық мәліметтерді көрнекі түрде сипаттайды және түсіндіреді
Курс атауы	Зерттеулерге негізделген шешімдерді қабылдау
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Курс барысында магистранттар іс-әрекетті зерттеудің негізгі тұжырымдамаларын және тәуекелдерді басқарудың кейбір тұстарын меңгереді. Олар зерттеу мен шешім қабылдау арасындағы байланыс туралы түсінігін қалыптастырады, бұл сөзсіз және дәлелділіктің сенімді үдерісі ретінде сипатталады. Магистранттар сонымен қатар зерттеуге негізделген контекстік үйлестіру шешім қабылдау үшін ғылыми талқылаудың қажетті қадамы екенін біледі. Олар кезеңдері, функциялары және динамикасы арқылы сипатталған шешім қабылдау құрылымы туралы біледі</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өз тәжірибесінде шешім қабылдауды ғылыми білімге негізделген үдеріс ретінде түсінеді; • менеджер көзқарасы тұрғысынан педагогикалық тапсырманы ой елегінен өткізеді;

	<ul style="list-style-type: none"> • әлеуметтік және эмоционалдық қызметтің әлемді түсінуге және шешім қабылдауға қалай әсер ететінін талдайды; • зерттеу мен шешім қабылдаудың өзара байланысы мен реттілігін түсіндіреді; • зерттеу негізінде жағдайға сәйкес шешімдерді үйлестіруді орындайды
Курс атауы	Білім беру саласындағы саясат
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Модуль	Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар білім беру саясаты туралы түсінігін нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы жіктелуінің түрлері мен болашақ стандарттар, жетекшілік қағидалар мен тәжірибелер жіктеулерінің түрлері негізінде қалыптастырады. Олар білім беру саясатын құру үдерісін және олардың құрылымын қарастыруды, сонымен қатар әртүрлі саясаттарды жүзеге асыруға әкелген өзгерістерді талдауды үйренеді</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Білім беру саясатының мазмұнын түсінеді, түсіндіреді және қорытынды жасай біледі; • білім беру саясаты туралы маңызды ақпаратты табады және оны талдайды;

	<ul style="list-style-type: none"> • білім беру саясатын әзірлеуге сұранысты қалыптастырады; • білім беру саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысады; • білім беру саясатын өлшеу үшін сәйкес бақылау тұжырымдамаларын пайдаланады; • контекстік үйлестіру және шешім қабылдау үшін білім беру саясатының субъектілерімен қарым-қатынас орнатады
--	---

Зерттеу этикасы және адалдылық 15 академиялық кредит

Модуль құндылыққа бағытталған және оқу барысында магистранттар зерттеудің құқықтық және нормативтік базасымен және этикалық кодекстердің қолданылуымен көбірек танысады. Олардың өздері мектептер мен жоғары курс студенттеріне зерттеудің этикалық құрамдас бөлігі бойынша кеңес бере алады. Сондай-ақ олар сыбайлас жемқорлықпен күрес мәдениеті мен зияткерлік меншікті қорғау ережелері туралы білімдерін тереңдете түседі. Олар белгілі бір жағдайлар мен қауымдастықтарға сәйкес келетін қарым-қатынас түрлерін пайдалана отырып, әлеуметтік өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

Модульдің пәндері берік негіз қалау және өмір бойы өзектілігін жоғалтпайтын, тұрақты құндылық ретінде зерттеу этикасын тәрбиелеу үшін жинақталған.

Курс атауы	Білім беру зерттеулерінің этикасы
Компонент	Таңдау бойынша компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу этикасы және адалдылық 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5

<p>Курс/құзыреттілік сипаттамасы</p>	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар білім берудегі және әлеуметтік зерттеулердегі этика құндылығын зерттеумен айналысатындарға зиян тигізбейтін немесе қауіп төндірмейтін зерттеу жүргізудің жетекші қағидасы ретінде таниды. Магистранттар өздерінің зерттеулерін және әріптестерінің зерттеулерін этикалық тұрғыдан бағалауды, ұсыныстар жасауды және зерттеуге қатысушылардың қауіпсіздік шарттарын талдауды үйренеді. Магистранттар педагогикалық зерттеулерді жоспарлау үдерісіне этикалық тұстардың қалай енгізілгенін біледі, өтініш беруші және комиссия мүшесі ретінде этикалық комиссияларға құжаттаманы әзірлей алады, зерттеу деректерінің қауіпсіздігін, жасырындылығын және қол сұғылмауын қамтамасыз ете алады.</p>
<p>Оқу нәтижелері</p>	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • білім беру саласындағы қазақстандық зерттеушінің кодексін түсіндіреді; • этика жөніндегі ұлттық және халықаралық комиссияларға құжаттарды дайындайды; • білім беру саласында этикалық ғылыми зерттеулерді әзірлейді; • білім беру зерттеулерінің мақсаттарына байланысты әртүрлі топтармен және қауымдастықтармен өзара әрекеттесу жоспарын әзірлейді және қолданады;

	<ul style="list-style-type: none"> • логикалық және ұтымды тұжырымдармен академиялық адалдықты сақтауды негіздейді; • зерттеуге қатысушылармен, әсіресе зерттеу барысында осал жағдайда болатын адамдармен этикалық тұрғыдан жұмыс істейді
Курс атауы	Зерттеудің тұтастығы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу этикасы және адалдылық 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттарда әділдік, адалдық, ашықтық, бейтараптық, есеп берушілік және басқарудың ұтымдылығына негізделген құндылық ретінде зерттеудің тұтастығы туралы түсінік қалыптасады. Олар кез келген ауқымдағы зерттеулерде әділ және тексерілетін әдістерді қолдануды зерттейді, талқылайды және ойлайды. Олар сондай-ақ жалпы ортаға кәсіби кодекстерге немесе нормаларға сәйкес ережелердің, жарлықтардың және нұсқаулардың сақталуына ерекше назар аудара отырып, зерттеулерді жүргізеді және бағалайды, нәтижелерді жариялайды.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • зерттеу құралын таңдаудың тиянақтылығы мен дәлдігін бағалайды; • ғылыми мақалаларда кәсіби кодекстер мен ережелерді қолдануды талдайды.

	<ul style="list-style-type: none"> • Академиялық тұтастық мәселелерінде өздерін сарапшы ретінде көрсетеді және кем дегенде бакалавриат студенттері зерттеулерінің тұтастығын талап, оларды жақсарту үшін кері байланысты қамтамасыз етеді.
Курс атауы	Алауандық пен бірегейліктің әлеуметтік-этикалық тұстары
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Зерттеу этикасы және адалдылық 15 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар қоғамның табысты және тұрақты дамуы үшін әртүрліліктің маңыздылығын құндылық ретінде түсінеді және қабылдайды. Олар жеке тұлғаның болу және өзін көрсету құқығын қорғайтын құқықтық актілерді, сондай-ақ жеке тұлғаның бірегейлігі мен бостандығын қорғау қажеттілігін біледі. Олар сондай-ақ мұғалімнің салауатты топтық ортаны құрудағы әсерін қарастырады, онда әрбір адам өзін қоғамның бағалы мүшесі сезінетін және оң өзгерістерге және ортақ құндылықтарды құруға ішкі ынтаға ие.</p>
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:

	<ul style="list-style-type: none"> • RLA біледі (БҰҰ, ЮНЕСКО құжаттары, Қазақстан Республикасының Конституциясы); • жаһандану жағдайында әртүрлілік пен бірегейлік құбылыстарын педагогикалық жұмыста және зерттеуде қолданады; • әртүрлілік пен бірегейлік құбылыстарын сыни тұрғыдан талдайды; • өзін инклюзивті қоғамның бір бөлігі ретінде тани отырып, оның дамуына үлес қосуға дайын болады
--	---

Коммуникация және зерттеу нәтижелерін тарату 10 академиялық кредит

Модульді оқу барысында магистранттар академиялық қоғамдастықта ауызша және жазбаша қарым-қатынас, сондай-ақ сыртқы қауымдастықтармен өзара әрекеттесу сынды әртүрлі коммуникациялық дағдыларды дамытады. Сондай-ақ олар сыни тұрғыдан ойлаушы ретінде өздерінің зерттеу әдістемесі туралы ойлауды үйренеді, сонымен қатар қарсы пікір айтуды және өз жұмысын күшейту үшін дәлелдерді табуды үйренеді. Магистранттар классикалық шешендік өнердің тәсілдерін де меңгереді.

Модульдегі пәндер коммуникациялық дағдыларды жақсарту және ғылыми білімді қолдану туралы түсінікті кеңейту, сондай-ақ зерттеулер ықтимал әсер етуі мүмкін қауымдастықтардың ең көп санын таныстыру үшін таңдалған және жобаланған. Зерттеу туралы неғұрлым көп адам біліп, ғалым көбінің қызығушылығын оятып, жақсартуға қатыстыра аласа - соғұрлым жақсы.

Курс атауы	Зерттеу, әлеуметтік және білім беру ортасының өзара әрекеттестігі
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Коммуникация және зерттеу нәтижелерін тарату 10 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	5

Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық әрекеттерді зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар адамдар топтарының, жеке тұлғалардың, ұйымдардың өзара әрекеті және олардың бір-біріне ықпалы жағдайында зерттеу мен әлеуметтік және білім беру ортасының өзара әрекеттесу жолдарын зерттейді, талдайды және бағалайды. Магистранттар жалпы әл-ауқат құндылықтарына негізделген өзара әрекеттестіктің жаңа тәсілдерін құруды немесе ескілерін жақсартуды үйренеді.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • әлеуметтік өзара әрекеттестіктердің әрекет ету тетіктерін терең түсінетіндігін көрсетеді және оларды талдай алады; • әртүрлі топтардың өзара әрекеттестігін бағалайды; • өзара әрекеттестікті жақсарту жоспарын құрады және жүзеге асырады; • сапалы зерттеу, минималды сұхбат және бақылау дағдыларын нығайтады
Курс атауы	Зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша тарату
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Коммуникация және зерттеу нәтижелерін тарату 10 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер

Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты этикалық құндылықтарды түсіну және сақтау үшін құзыреттіліктер саласы • Әртүрлі жағдайда және білім беру ортасында қолдану үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар академиялық жазуды әзірлеу, ауызша баяндамаға дайындық ережелері және мақалалар мен ауызша есепте көрнекі ақпаратты ұсынудың халықаралық стандарттарын зерделеу арқылы өз зерттеулерін кәсіби ғылыми ортада таратуға қолайлы нысанда тұжырымдайды. Магистранттар сондай-ақ өз сөздерімен жұмыс жасайды және кәсіби сөздік қорлары мен шешендік дағдыларын дамытады.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • кәсіби сөздікті пайдаланады және зерттеу нәтижелерін түпнұсқалық қорытындылар беретін ғылыми басылымдарда жариялайды; • жүргізіліп жатқан зерттеулерді сауатты қорытындылайды (ұсынады) және жан-жақты есеп береді; • мамандар мен маман еместер үшін өз жұмысын нақты және дәйекті түрде негіздейді; • өзінің сөйлеуі мен жазуы туралы, сондай-ақ әріптестері туралы ойланады; • Зерттелетін саладағы жетістіктерін сыни бағалайды және зерттеу нәтижелерін талдайды.

Магистранттың зерттеу жұмысы 27 академиялық кредит

Модульді оқу барысында магистранттар белгілі бір сала бойынша білімдер жиынтығын, сонымен қатар өздерінің зерттеушілік дағдыларын дамытады. Олар гипотезаларды әзірлеу және негіздеу негізінде мәселелерді анықтайды және шешеді. Олар теориялық зерттеу сұрақтарын құрастырады және зерттеу қызметін жоспарлайды, сонымен қатар қажетті ақпаратты жинайды, сыни тұрғыдан талдайды және түсіндіреді. Сондай-ақ олар ең оңтайлы зерттеу әдістерін таңдап, эксперимент жүргізіп, зерттеу нәтижелерін ұсынады. Магистранттар өздерінің зерттеушілік білімдері мен дағдыларын нақты іс-әрекет түрлерінде қолдану қабілеттерін дамытады.

Модуль пәндері оларды оқу кезінде және бастапқы модульдерде жасалған ғылыми-әдістемелік аппаратқа (proposal) сүйене отырып, білім алушы өзінің қорытынды жұмысы үшін мәліметтерді әдістемелік және жүйелі түрде жинай алатындай етіп, оларды талдай алатындай және жетекші және басқа да құзыретті мамандардан қолдау алатындай етіп құрылған. Нәтижесінде бұрын алған білімдері мен дағдыларын бекіту және кеңейту, білімін арттыру арқылы білім алушының қорытынды жұмысын ойдағыдай орындау және қорғау мүмкіндігі артады.

Курс атауы	Әдебиеттерді шолу және эмпирикалық мәліметтерді жинау
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Магистранттың зерттеу жұмысы 27 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none">• Зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар талаптарға байланысты әдебиеттер тізімін құрастыру және мәтінде сөз ету кезінде әртүрлі дәйексөз нысандарын қолдану туралы түсініктерін қалыптастырады. Олар ғылыми басылымдардың жеке мұрағатын құру және</p>

	<p>халықаралық дәйексөз стандарттарын қолдану үшін бағдарламалық жасақтамаларды пайдаланады.</p> <p>Магистранттар әртүрлі әдістерді қолдана отырып, магистрлік диссертация үшін деректерді жинайды. Олар дүние жүзіндегі басқа оқу орнында тағылымдамадан өтуге және теориялық және/немесе практикалық деректерді жинауға және өңдеуге мүмкіндігі бар.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • зерттелетін тақырып бойынша қажетті әдебиеттерді таңдайды және талдайды; • сілтеме жасалған басылымдарды пайдаланады және зияткерлік меншік ережелерін сақтайды; • ғылыми көздерден алынған ақпаратты жүйелеп, оның өз зерттеу тақырыбына сәйкестігін талдайды; • зерттеудің үзіндісін қорғауға ұсынады; • зерттеу әдісі мен нысанын таңдау туралы өз бетінше хабарлайды; • этикалық нормаларды түсінеді және олардың талаптарын орындайды.

Курс атауы	Зерттеу практикасы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Магистранттың зерттеу жұмысы 27 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы <p>Курс барысында магистранттар зерттеу үдерісі туралы тұтас түсінікке ие болады. Олар пәнаралық жағдайда жаңа орталардағы мәселелерді шешеді және өзгермелі ортадағы қиындықтарды жеңеді.</p>

	Магистранттар сандық деректерді жинайды және өңдейді. Олар өздерінің зерттеу саласындағы білімдері мен жетістіктерін ғылыми қоғамдастықпен де, қалың жұртшылықпен де бөліседі. Олар сонымен қатар зерттеулерді жүргізу этикасы туралы түсініктерін дамытады
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • зерттеу үдерісін тұтас түсінеді; • сандық және сапалық деректерді жинайды және оларды әртүрлі тәсілдер арқылы өңдейді; • зерттеу нәтижелерін ұсынады; • зерттеу этикасын сақтайды.
Курс атауы	Магистранттың зерттеу жұмысы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Магистранттың зерттеу жұмысы 27 академиялық кредит
Цикл	Базалық пәндер
Академиялық кредит	20
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	<p>Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зерттеу үшін құзыреттіліктер саласы <p>Магистранттар өздерін кәсіби зерттеуші ретінде көрсетеді. Олар өз бетінше ой елегінен өткізіп, талдап, қорытынды жасайды. Ғылыми жетекші оларға зерттеуші ретінде тұлғасын қалыптастыруда жан-жақты қолдау көрсетеді және зерттеу дизайнын құруға көмектеседі.</p>
Оқу нәтижелері	<p>Құзыреттілікті меңгерген магистранттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өзінің зерттеуінің гипотезасын сипаттайды; • зерттеу әдісін таңдауды талдайды және негіздейді;

	<ul style="list-style-type: none"> • өз зерттеуінің әдістемесін жазбаша және ауызша түрде баяндайды; • басқа ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, дәлелдейді, экстраполяциялайды және қорытынды жасайды.
--	--

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ, 8 академиялық кредит

Түлекті қорытынды аттестаттау міндетті болып табылады және білім беру бағдарламасы толық көлемде игерілгеннен кейін жүзеге асырылады. Аттестаттаудың мақсаты - түлектің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби қызметтің негізгі түрлерін орындауға дайындығын бағалау.

Қорытынды аттестаттау жұмысы (ауызша емтихан, жазбаша емтихан, диссертациялық жұмыс, зерттеу жобасы, ұйымдастыру жобасы, стратегиялық жоба, арт-жоба)

4.2. Прогресс

Модульдер мен курстар	Магистр дәрежесі, 2 академиялық жыл			
	1-ші оқу жылы		2-ші оқу жылы	
	1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр
Жалпы білім беру 20 академиялық кредит				
Ғылым тарихы мен философиясы 4 академиялық кредит	4			
Шетел тілі 4 академиялық кредит	4			
Жоғары білім беру педагогикасы 4 академиялық кредит	4			
Басқару психологиясы 4 академиялық кредит	4			

Педагогикалық практика 4 академиялық кредит	4			
Білім беру зерттеуінің дизайны 15 академиялық кредит				
Білім беру саласындағы эмпирикалық зерттеулерге кіріспе 5 академиялық кредит	5			
Зерттеуді әзірлеу. мәліметтерді жинақтау және талдау 5 академиялық кредит	5			
Өзгерістерді басқару 5 академиялық кредит				5
Жобаларды басқару 5 академиялық кредит				
Зерттеу әдістері 25 академиялық кредит				
Зерттеу мен мәліметтерді жинақтаудың сапалық әдістері 5 академиялық кредит		5		
Зерттеудің сандық әдістері және статистикалық талдау 5 академиялық кредит		5		
Әрекеттерді зерттеу 5 академиялық кредит			5	
Сапалық талдау әдістерін терең зерттеу 5 академиялық кредит			5	
Сандық талдау әдістерін терең зерттеу 5 академиялық кредит				
Зерттеулерге негізделген шешімдерді қабылдау 5 академиялық кредит			5	
Білім беру саясаты 5 академиялық кредит				
Зерттеу этикасы және адалдылық 15 академиялық кредит				
Білім беру зерттеулерінің этикасы 5 академиялық кредит	5			

Зерттеудің адалдығы 5 академиялық кредит		5		
Алуандық пен бірегейліктің әлеуметтік және этикалық тұстары 5 академиялық кредит			5	
Коммуникация және зерттеу нәтижелерін тарату 10 академиялық кредит				
Зерттеу, әлеуметтік және білім беру ортасының өзара әрекеттестігі 5 академиялық кредит		5		
Зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша тарату 5 академиялық кредит			5	
Магистранттың зерттеу жұмысы 27 академиялық кредит				
Әдебиеттерді шолу және эмпирикалық мәліметтерді жинау 3 академиялық кредит		3		
Зерттеу практикасы 4 академиялық кредит				4
Магистранттың зерттеу жұмысы (ғылыми семинар) 20 академиялық кредит		5	5	10
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ - 8 академиялық кредит				
Қорытынды аттестаттау				8
Барлық академиялық кредит	35	28	30	27

4.3 Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтауға қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтау үшін болашақ мұғалімдер:

- базалық және бейіндік пәндер циклдері бойынша Академиялық кредитдің ең аз санына;
- ЖОО компоненті және таңдау компоненті бойынша курстарды сәтті аяқтауға;
- оқудың барлық нәтижелеріне қол жеткізуге;
- магистрлік дәрежесін алуға қорытынды аттестаттау жұмысын сәтті орындау және қорғау (ауызша емтихан, жазбаша емтихан,

диссертациялық жұмыс, зерттеу жобасы, ұйымдастыру жобасы, стратегиялық жоба, арт-жоба);

- ең төменгі орташа балға қол жеткізулері тиіс.

5. Магистранттардың жұмысына сипаттама

Магистранттардың жұмысына байланысу арқылы оқыту, жеке, жұптық және топтық жұмыстар, тапсырмалар, емтихандар және т.б. 1 академиялық кредит = 30 сағат студенттік жұмыс.

Магистранттардың жеке және/немесе жұптық және топтық жұмыстары екі бөлікке бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жеке және/немесе жұптық және топтық жұмыстар және толығымен өз бетінше орындалатын жұмыстар.

Магистранттардың жеке және/немесе жұптық және топтық жұмысы әр курс бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсыныстармен қамтамасыз етілген өз бетінше/топтық оқуға бөлінген тақырыптардың нақты тізімі бойынша жүзеге асырылады. Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың жеке және/немесе жұптық және топтық жұмыстары университет немесе оқытушылардың өздері белгілейтін кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Толығымен өз бетінше орындалатын жұмыстың барлық көлемі магистранттың күнделікті өзіндік жұмысын талап ететін тапсырмалармен бекітіледі.

Магистранттың оқытушының жетекшілігімен аудиториядағы байланыс жұмысы, жеке және/немесе жұптық және топтық жұмысы мен оқу қызметінің барлық түрлері үшін толығымен дербес орындалатын жұмыс арасындағы уақыт арақатынасын білім беру ұйымы дербес белгілейді.

6. Баға/бағалау әдістері

6.1 Бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау модульдердің құзыреттілік мақсаттарына және ондағы курстарды бағалау өлшемдеріне негізделеді. Бағалау критерийлері әртүрлі тапсырмалардың негізі ретінде қолданылады. Оқу тапсырмаларына білім алушының өздік тапсырмасы, топтық тапсырма, жоспар, есеп, топтық пікірталас, топтық тест, дамытуға арналған тапсырмалар, зертханалық тапсырмалар, ойлау мен бағалауға қатысты тапсырмалар немесе белсенділікті арттыратын тапсырмалар жатады.

Бағалау болашақ мұғалімнің педагогикалық білім беру модульдерінің құзыреттілік мақсаттарына қол жеткізгені туралы мәліметті алуға мүмкіндік береді. жеткізеді.

Бағалау жалпы құзыреттілікке бағдарланған білім беру негізінде жатыр. Құзыреттілікке негізделген бағалау болашақ мұғалімнің нені білетінін ғана емес, сонымен қатар оның дағдысын, болашақ мұғалімдер өздерінің білімдерін өмірде кездесетін қиындықтарға немесе жағдайларға қатысты қолдана алуын өлшеуі тиіс. Болашақ мұғалімдерге кәсіби қызметінде кездесуі ықтимал жағдайларға байланысты тапсырмалар және қайталанбайтын өзіндік қиындық тудыратын тапсырмалар берілуі керек. Құзыреттілікке негізделген оқытуда бағалау өте маңызды қызмет атқарады. Бұрынғы құзыреттіліктер мен жеке жағдайларды мойындау негізінде құзыреттілікті әр курста көрсетуге болады. Құзыреттілікті көрсету бүкіл оқу модулін қамти алады. Басқа жерден алынған дайындық пен оқыту алдындағы мойындау және мақұлдау практикасына қатысты арнайы нұсқаулықтар.

Оқу шәкіл негізінде бағаланады. Болашақ мұғалімдердің оқу жетістіктері (білімі, шеберлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері) сандық баламасы бар (оң бағалар, кему ретімен, "А"-дан "D"-ға дейін, «қанағаттандырарлықсыз» - "FX", "F") халықаралық мақұлданған әріптік жүйеге сәйкес келетін 100-балдық шәкіл бойынша баллмен есептеледі.

Төрт баллдық жүйе бойынша сандық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйедегі баға	Баллдардың сандық баламасы	%-дық үлесі	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	

FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

Бағалаудағы мақсат – болашақ мұғалімдерге көмек пен қолдау көрсету, олардың өзін өзі бағалау қабілетін дамыту, болашақ мұғалімдердің құзыреттілігі туралы ақпаратты ұсыну және білім беру бағдарламасында анықталған жоспарланған оқыту нәтижелеріне және құзыреттіліктерге қол жеткізулерін қамтамасыз ету болып табылады. Өзін - өзі бағалау және өзара бағалау дағдылары еңбек қызметіндегі негізгі дағдылар болып есептеледі және бағалау оқу үдерісінде осы дағдыларды дамытуды қолдаудың басты құралы болып табылады.

6.2 Сыртқы бағалау

1) Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі

Жаңа білім беру бағдарламасы болашақ мұғалімдер, оқытушылар мен жұмыс берушілерді қоса, барлық мүдделі тараптармен әрекеттесу негізінде әзірленуі тиіс. Бүкіл үдерістің мақсаты бар бағдарламаның мақты жақтарын және жоғары сапасын әрі қарай дамыта отырып, болашақ мұғалімдердің жұмыс көлеміне талаптар мен білім беру менеджменті бойынша курс қажеттілігі сынды кейбір мәселелерін шешу болып табылады. Барлық студенттер мен түлектерді сұрау, сондай-ақ фокус-топтарда талқылау мен түлектер және жұмыс берушілермен талқылаулар бағдарламаны жобалаудың негізі болып табылады. Профессорлық-оқытушылық құрам тұтас бағдарлама мақсаттарын және оқыту нәтижелерін талқылауға қатысады, ал бағдарламаны әзірлеушілер тобы бірлесіп өздерінің мамандықтары бойынша курстарды әзірлеу жұмыстарын атқарады.

Жоғары оқу орны факультеті (мектебі) негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оларды іске асыру жағдайы, бағалау саясаты мен факультеттің (мектептің) басқа да академиялық сұрақтары бойынша шешімдерді қабылдайтын, студенттердің білім беру бағдарламаларының және (немесе) пәндер/модульдер сапасы туралы сұрайын ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңес құрылады.

2) Білім беру бағдарламаларының сыртқы бағалауы үдерістері. Үздіксіз жетілдіру

Профессорлық-оқытушылық құрам тұтастай өздерінің курстарын тұрақты түрде жетілдіруге белсенді түрде қатысады, бұл жоғары оқу орны мәдениетінің және олардың білім беру саласындағы сарапшы

ретінде меншік кәсіпқойлығының ажырамас бөлігі болып табылады. Курстарды бағалау және Студенттік комитеттің отырысы сынды кері байланыстың ресми тетіктеріне қосымша оқытушылар мен студенттер нақты курстар мен тұтас бағдарламаға қатысты тығыз байланыс орнатуы тиіс. Үздіксіз талдау және жетілдіру үдерісі жыл сайынғы бағдарламаны бақылау үдерісінің негізінде жатыр, оның барысында кейбір оқытушылар өздері жүргізген курстарды талдайды, бұл мамандану деңгейінде талдау мен жақсарту бойынша ұсыныстарға алып келеді, ал ол өз кезегінде бағдарлама мен мектеп деңгейінде талдау және әрі қарайғы жетілдіру жоспарларына алып келеді.

Жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен және кәсіби қауымдастықпен кері байланыс орнатудың тұрақты, ресми тетіктерін иеленеді. Бұл қарым-қатынас бағдарламаны үнемі жетілдірудің негізі болып табылады.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуді жақсарту үшін жоғары оқу орындары:

- Сапаны қамтамасыз ету мен сапаны арттыру арасындағы тепе-теңдік сақталатын, ішкі сапа жүйесін әзірлейді. Бұл ретте, сапаны қамтамасыз ету алдын алу шарасы, ал сапаны арттыру одан жоғары мақсаттарды иеленіп, трансформациялық өзгерістерді білдіреді (Jones, 2003).
- Институционалдық сауаттылық деңгейін арттырып, Еуропалық жоғары оқу орны кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарын (ESG) (2015) терең түсініп, ESG 2015 стандарттарын енгізуі тиіс.
- Сапаны қамтамасыз етудің институционалдық үдерістерін тұрақты түрде жетілдіру үшін оларды ұдайы қайта қарап отыруы тиіс.

3) Аккредиттеу

Қазақстанда институционалдық және арнайы аккредиттеу бар, жоғары оқу орындары үшін ол ерікті түрде болып қалып отыр. Алайда аккредиттеу болашақ мұғалімдерді оқыту үшін мемлекеттік гранттарды иеленудің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

7. Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар

7.1 Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес оқытушылардың болуы, оқытушылар білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі

және/немесе олардың «Философия докторы (PhD)» немесе «Бейіні бойынша доктор» ғылыми атағы немесе ғылыми дәрежесі , және/немесе «доцент (доцент)» ғылыми атағы немесе «профессор» (болған жағдайда) және/немесе пәндер бейіні бойынша «магистр» дәрежесі бар оқытушылар және (немесе) кемінде үш жыл еңбек өтілі бар аға оқытушылар оқытушы ретінде жұмыс өтілі немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылардың бар болуы.

Оқытушылық құрамның жоғары/академиялық дәрежесі ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесіне немесе доктор немесе магистр жоғары/ғылыми дәрежесіне сәйкес келеді. Негізгі білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесі, ғылыми дәреже оқытылатын пәндерге сәйкес келуі тиіс.

7.2 Қосымша талап етілетін оқытушы-профессорлық құрам

Негізгі жұмыс орнымен қатар, қосалқы жұмыс істейтін, оқытатын пәндердің бағытында практикалық кәсіби қызметпен айналысатын, дайындық бағыты бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан артық оқытушылар. Жұмысқа қосымша жетекші ғалымдар, басқа жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандары, сарапшы мұғалім, зерттеуші мұғалім, шебер мұғалім сынды тиісті санаттардың мұғалімдері мен мектеп басшылары тартыла алынады.

7.3 Оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру қажеттілігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының (2007; 27.12.2019 ж. өзгертулермен) және Қазақстан Республикасында жоғары білім ұйымдарының қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілердің негізінде жоғары білім ұйымында қызметін жүзеге асыратын оқытушы бес жылдан бір реттен сирек емес, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға құқылы.

Кәсіби құзыреттіліктерді дамыту да Қазақстан Республикасында қабылданған «Үздіксіз білім беру (үздіксіз оқыту) тұжырымдамасында» (2021) қабылданған басымдылықтардың бірі болып табылады.

7.4 Қосымша әкімшілік қызметкер қажеттілігі

Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор білім беру қызметтерін жоспарлау және іске асыруды бақылау үшін жауап береді.

Рәсімдердің нақты кезеңдерін ұйымдастыру және орындауды үйлестіру және нәтижелердің сапасы үшін жауапкершілік бөлімше басшыларына жүктеледі.

8. Ресурстар

8.1. Кітапхана ресурсы

Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру, оқу-әдістемелік, ғылыми және басқа әдебиетті қамтиды.

Оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы: оқыту тілдерінде басып шығарылғандарды қоса алғанда, білім беру бағдарламаларының 100% пәндерін қамтамасыз ететін, соңғы он жылдағы баспа және электрондық басылымдар түрінде. Кітапхана қорының жаңартылуы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

8.2. IT-ресурстар

Жоғары оқу орны болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік әдебиетпен және (немесе) білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру үшін қажетті электрондық ресурстармен, білім беру менеджменті жүйесінің (веб-сайт, ақпараттық білім порталы, автоматтандырылған оқытудың академиялық кредиттік технологиялары жүйесін, ақпараттық-білім ресурстарының кешенін қамтитын жоғары технологиялы ақпараттық-білім ортасы) қызмет етуін қамтамасыз етеді.

8.3 Инфрақұрылым

Жоғары оқу орны оқу, әдістемелік, ғылыми және басқа әдебиетпен, мультимедиялық кешені бар аудиториялармен, компьютерлік сыныптармен, кең жолақты Ғаламторға қолжетімділікпен, спорттық, материалдық-техникалық, оқу-зертханалық базалармен және білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді.

9. Қосымша ақпарат

9.1 Қосымша материалдар

Инклюзия білім беру бағдарламасының маңызды өтпелі қағидаттарының бірі болып табылады (толығырақ 1-қосымшадан қараңыз). Білім берудегі инклюзия барлық білім алушылар, дене кемістігіне немесе мүгедектікке қарамастан, әдеттегі мектептерге барып, құрбыларымен бірге оқу мүмкіндігін иеленуі дегенді білдіреді. Педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдер алуандық педагогикасы қағидасына немесе барлығы

үшін әмбебап дизайн қағидаларына негізделген әртүрлі білім алушылар үшін оқу бағдарламаларын іске асыруда кәсіпқой ретінде сезінуіне ерекше көңіл бөлінеді. Бірлесіп оқыту және саралау тәсілі сынды инклюзивті педагогикалық әдістерді іске қосу маңызды. Тек мамандандырылған мұғалімдер (арнайы білім мұғалімдері) ғана емес, сондай-ақ барлық мұғалімдер инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істей алуы маңызды. Осылайша, барлық болашақ мұғалімдердің төмендегі салалардағы құзыреттіліктерін дамыту қажет:

Инклюзивті білім беру тұжырымдамаларын және қағидаттарын білу

- Инклюзия құндылығы тұрғысынан өзінің жұмысын бағалау.
- бейімделетін бағдарламалар, оқу жетістіктерін бағалаудың әдістерін өзгерту сынды білім беру үдерісінің икемді үлгісімен жүзеге асырылатын білім берудегі инклюзивтілік қағидасын жүзеге асыруды түсіну
- балалардың қабілеттерінің әртүрлі екенін түсіну және жан-жақты білім алушыларды қолдау үшін әртүрлі траекторияларды қолдану.

Оқытуда іс жүзінде қолдану

- Белгілі бір пән бойынша айрықша білім беру қажеттіліктері бар бала үшін бейімделген/жеке бағдарламаны әзірлеу.
- Мультимодальды әмбебап оқыту әдістерін, қарапайым құрылымды сөйлеуді, балама коммуникацияны қолдану

9.2 Электрондық оқыту

Сандық технологиялардың жылдам дамуы нақты бағдарламалық құралдарды зерделеуді ғана емес, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің оқытуда виртуалды оқыту құралдарын қолдану және цифрлық оқыту орталарында (психологиялық және дидактикалық негіздеме) оқыту үдерістері үшін жарамды педагогикалық әдістерді таңдау бойынша құзыреттіліктерін дамытуды талап етеді. Ол үшін жоғары оқу орындарына:

- цифрлық технологияларды тиімді қолдана отырып, болашақ мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасауы;
- цифрлық құралдарды қолдану немесе виртуалды оқыту орталарында жұмыс істеу кезінде білім алушылардың білімдегі дара қажеттіліктерін қалай ескеруге болатынын түсінуге қатысты болашақ мұғалімдердің құзыреттіліктерін дамытуы;
- цифрлық оқыту орталарын және бағалауда геймификация, цифрлық тестілер мен сұрақ-жауап және цифрлық бағалаудың басқа да түрлерін

қолдану бойынша болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін дамытуы;

- болашақ мұғалімдердің өздерінің цифрлық құзыреттіліктерін бағалауға және жұмыс берушілердің (мектептердің) күнделікті тірлігінің талаптарына сәйкес педагогикалық үдерісте цифрлық құралдарды қолдану қабілеттерін дамытуға жәрдемдесуі;

- білім беру, ғылым мен өндірісті кіріктіруді іс жүзінде жүзеге асыру, кәсіби қауымдастықтарды мектеп оқушыларын цифрлық технологияларды қолдану негіздеріне үйретуге жұмылдыру және алынған практикалық дағдылардың тәуелсіз бағалауын жүргізуі;

- тиімділікті және білім беруде цифрландыруды іс жүзінде қолдануды арттыру мақсатында жұмыс істеп жатқан мұғалімдер үшін цифрландыруды білім беру үдерісіне қосуы;

- педагогикалық білім беруге жаһандық цифрландыру (мысалы, Білім берудегі технологиялар бойынша халықаралық қоғамның (ISTE)) стандарттарын енгізуге және цифрландыру саласында сарапшылық қауымдастықты құруға ықпал ету қажет.

10. Бекіту

- Әзірленген білім беру бағдарламаларының қарастырылуын, олардың Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен келісілуін және бекітілуін қамтамасыз ету.

- Педагогикалық жоғары оқу орындарында әзірленген барлық білім беру бағдарламаларының ауқымын кеңейту.

1-ҚОСЫМША: Білім беру бағдарламасының негізгі қағидаттары

Құзыреттілік тәсілі

Құзыреттілік тәсілі – бұл оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың оқуға бағдарланған әдісі. Ол негізінен білім алушылар дәстүрлі түрде анықталған пәндік мазмұн туралы білуі тиістігіне басты көңіл бөлетін, анағұрлым дәстүрлі білім беру тәсілінің баламасы болып табылады. Құзыреттілік тәсілінің қағидаларына сәйкес БББ әзірлеу кезінде біз студенттерімізді неге үйреткіміз келетініне басты назар аударылады. Яғни оқу барысында студенттер игеруі тиіс құзыреттіліктерді анықтау қажет. Құзыреттілік тұжырымдамасы арнайы дағдыларды да, жалпы құзыреттіліктерді немесе БББ барысында мұғалімдер дамытуы тиіс икемді дағдыларды да қамтуы тиіс. Икемді дағдыларға, мысалы, көшбасшылық, қарым-қатынас және әріптестік дағдылары, рефлексия дағдылары, әлеуметтік және эмоционалдық зияткерлік және т.с.с. кіреді. Мұндай икемді дағдыларды дамыту барлық БББ, құзыреттіліктерге және оқыту нәтижелеріне, сондай-ақ БББ жүзеге асыруға кіруі тиіс.

Оқыту нәтижелері білім, дағдылар мен мақсаттар түрінде көрініс табатын болашақта қалайтын жағдайды білдіреді. Өзара байланысты барлық оқу курстарын оқудың жазбаша нәтижелері де жинақталған құзыреттіліктерді көрсетуі тиіс. Демек, құзыреттіліктерге негізделген оқуды жоспарлау БББ деңгейінде басталады да, оқу нәтижесі мен оларды бағалау арқылы оқу курстары деңгейінде жүзеге асырылады

БББ әзірлеуде құзыреттілік тәсілін қолданудың себебі ол көбіне студенттерге бағдарланған курстар мен БББ әзірлеуге мүмкіндік беретінінде. Студентке бағдарланған тәсіл студенттер оқу барысында игеруі тиіс басты білім мен дағдылар курс немесе БББ мазмұнын анықтайды деген сөз. БББ әзірлеудегі құзыреттілік тәсілінің мақсаты студенттер негізгі білім, дағдылар мен қарым-қатынастарды/құндылықтарды иеленіп, студентке оның пәні немесе білім саласына тән білім мен дағдыларды,

сондай-ақ ол оқу уақытында жинақтайтын барлық БББ үшін ортақ жалпы құзыреттіліктерді анықтауға көмектесу болып табылады

Құзыреттіліктерге негізделген БББ әзірлеу кезіндегі басты элементтерді қорытындылау үшін келесілердің нақты сипаттамасына басты назар аудару қажет: а) ЖОО, оқу модулі немесе жеке курсты аяқтаған соң студент қандай құзыреттіліктерді иеленуі тиіс (пәндік және жалпы құзыреттіліктерді қоса); ә) әртүрлі оқу модульдері, курстар мен оқыту түрлері құзыреттіліктің дамуына қалай ықпал етеді; б) БББ мақсаттары мен оған кіретін курстар мақсаттарының сәйкестігі қалай қамтамасыз етіледі; в) студенттер өздерінің құзыреттіліктерін қалай көрсете алады (бағалауға байланысты).

Барлық оқу бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде геймификация, проблемалық оқыту (PBL) және т.б. сынды студентке және белсенді оқытуға орталықтануға жәрдемдесетін әдістемелерді енгізген жөн (Сағынтаева және басқалар, 2021). Білім алушыларға бағдарланған оқыту тәсілі кезінде білім алушылар оқу үдерісінде орталық орынды иеленетін белсенді қатысушылар болып табылады. Білім алушы енжар білім алушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде қаралады. Мұғалім оқушыға оның білімді жинақтаудағы күрделі үдерісінде көмектесетін жолсерік рөлін атқарады. Кең мағынада білім алушыларға бағдарланған оқу тәсілі назардың мұғалімнен оқушыға және оның оқыту үдерістеріне ығысуын білдіреді (Тран және басқалар, 2010). Білім алушыларға бағдарланған оқыту тәсілінде басты назар білім алушының немен айналысатынына және білім алушылардың белсенді қатысуын арттыру әдістері мен терең оқу тәсіліне аударылады (Biggs & Tang, 2011; Prosser and Trigwell, 2014). Білім алушыларға бағдарланған тәсіл кезінде оқушы белсенді білім құрастырушы ретінде қаралады. Демек, білім алушыларға бағдарланған оқыту әдістерінің басты назарында түбінде бүкіл өмір бойы оқуға мүмкіндік беретін дербестік пен белсенді оқытуды дамыту болады.

Студенттерге бағдарланған тәсіл және белсенді оқуға жәрдемдесетін әдістер

Студенттерге бағдарлық дәстүрлі оқыту түрінен (мұғалімге бағдарлық) басты назар оқыту мен оқу үдерісі білім алушыларды белсенді араластыруға және терең оқу тәсіліне ықпал ететіндей, ұйымдастырылатынына бөлінетінімен ерекшеленеді. Студенттердің белсенді қатысуын талап ететін оқыту оқу сапасын арттыратыны сөзсіз (Biggs & Tang, 2011). Алайда, студенттерге бағдарланған оқыту мұғалімді екінші кезекке қойып, оның маңыздылығын төмендетпейді. Оның орнына ол білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдердің тәжірибесін пайдалануға тырысады.

Білім алушыға бағдарлану мұғалімнің ойлау қабілетін өзгертуді талап етеді және оқыту практикасы үшін көптеген салдарды тудырады. Мысалы, оқыту және оқу қызметі белсенді оқытуды қолдайтындай етіп, жоспарлануы тиіс. Белсенді оқыту әдістері дәріс сынды пассивті тәсілдерге карағанда, білім алушыға анағұрлым көбірек жауапкершілікті арттырады. Белсенді оқыту қызметі білімді іс жүзінде қолдану және талдау сынды жоғары деңгейлік ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді де, студенттерді тереңірек оқу үдерісіне тартады. Сонымен қатар олар студенттерге білімімен бөлісу және оны қолдануды жақсартуға мүмкіндік береді. Белсенді оқытудың жағдайларды зерттеу, қиындықтарды шешу, топтық жобалар, пікір-талас, өзара оқыту, ойындар және т.с.с. көптеген әдістері бар. Алайда, әдістерді алға қойылған нәтижелерге сәйкес таңдау керектігін естен шығармау қажет. Демек, белсенді оқыту әдістерін таңдау кезінде әдістердің қайсысы алға қойылған оқыту нәтижелеріне қолжеткізуге ықпал ететінін ескеру қажет.


Конструктивті үйлесу

Конструктивті үйлесу қағидаты көптен бері оқыту мен оқудың сапасын арттырудың мақты әдісі ретінде үгіттеліп келеді (Biggs & Tang, 2011). Конструктивті келісу – бұл оқыту мен оқу бағдарламаларын әзірлеудің кешенді тәсілі, онда оқытудың болжалды нәтижелері/құзыреттіліктер, оқыту және оқу қызметі мен сапалы оқыту жағдайларын оңтайландыру үшін баға тапсырмалары арасындағы сәйкестік сөз етіледі. Басты қағидат оқу бағдарламасы оқу шаралары мен бағалау бойынша тапсырмалар болжалды оқу нәтижелеріне (БОН) және білім алушылар дәрежені, модульді немесе курсты аяқтағаннан кейін нені істей немесе көрсете алуы керектігіне сәйкес келетіндей етіп әзірленуі тиіс екендігінде. Оқытудың жоғары сапасы осы компоненттерді біріктіру есебінен қамтамасыз етіле алынады.

Конструктивті үйлесу парадигмасының мұғалімге бағдарланған оқытудан жоғарыда сипатталған, білім алушыларға бағдарланған оқытуға жалпы ығысуын көрсетеді. Оқытуды жобалаудағы басты қадам болжалды оқу нәтижелерін немесе білім алушылар оқу барысында игеруі тиіс құзыреттіліктерді және олар оқудың іс жүзінде болғанын қалай көрсететінін анықтау болып табылады (Biggs & Tang, 2011). Оқытушының рөлі білім алушыны алған қойылған оқу нәтижелеріне қолжеткізуге көмектесетін қызмет түрлеріне тарту болып табылады (Biggs, 1996). Оқу мен бағалаудың тиісті әдістері мен тапсырмаларын таңдап, оларды болжалды оқу нәтижелерімен/құзыреттермен келісе отырып, студенттердің оқу практикасын тиімді бағыттауға және мағынаға бағдарланған, терең оқуды жақсартуға болады (Biggs & Tang, 2011; Boud & Falchikov, 2006). Конструктивті үйлесімді оқыту – бұл, іс жүзінде, өлшем-бағдарлы жүйе, ондағы орталық элементтер, яғни болжалды оқу нәтижелері, оқыту-оқу

және баға бойынша қызмет келісілген және бұл элементтердің барлығы ретті.

Конструктивті үйлесу білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде қолданылуы тиіс, себебі оқыту және оқу тұтас жүйеде орын алады. Оқыту мен бағалаудың барлық тұстары жоғары деңгейде оқытуды қолдауға бапталған, сондықтан барлық білім алушылар анағұрлым жоғары деңгейлі оқыту үдерістерін қолдануға ынталандырылады.



1-сурет. Конструктивті үйлесу көрінісі

Зерттеулерге негізделген педагогикалық білім

Зерттеулерге негізделген ПБ маңызын мойындау бүкіл дүние жүзінде орын алуда (Flores, 2018). Педагогикалық оқу орындарының жұмысына ғылыми зерттеулерді біріктіру көптеген тұстарда кәсіпті дамытудың тиімді шешімі ретінде ұсынылды. Олар білім теориясы, зерттеулер мен оқыту тәжірибесі арасында нақты байланысты орната алуы тиіс. Зерттеулердің ПБ-дағы маңыздылығын және рефлексивті практиктерді дайындауға пайдалы екенін мойындау күннен күнге артып келеді (Flores, 2018). Зерттеулерге негізделген ПБ әртүрлі нысанда жүзеге асырыла алынады. Қарапайым тілмен айтқанда, оқудың мазмұны мен әдістері, педагогикалық жобалар зерттеулерге негізделген. Бұл сондай-ақ педагогтар білім алушылардың өздерінің білімдері мен зерттеу дағдыларын жақсартуға бағдарланған әдістерді қолданады деген сөз. Сонымен қатар зерттеулерге негізделген ПБ педагогтар өздерінің жұмыстарын да, тұтас оқытуды да зерттейді дегенді де білдіреді. 1-ші кестеде соңғы зерттеулер (Сао және басқалар, 2021) кезінде анықталған зерттеулерге негізделген ПБ әртүрлі нысандары көрсетілген.

<p>Зерттеулерге негізделген оқытудың мазмұны</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары болашақ мұғалімдерге өздерінің академиялық білімдерін беру мен олардың өзіндік ойлауын дамыту үшін зерттеулері оқу материалдары ретінде қолданады (Visser-Wijnveen және басқалар, 2010).</p>
<p>Оқыту әдістері мен курс дизайны зерттеулерге негізделген</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары өздерінің педагогикалық білім саласындағы зерттеулерін қолданады және өздерінің оқыту әдістерін тиісінше әзірлейді (Cochran-Smith 2005; Krokfors және басқалар, 2011).</p>
<p>Зерттеуге бағдарланған оқыту әдістерін қолдану</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары болашақ мұғалімдерге талдамалы ойлауды үйреніп, зерттеу негізінде өздерінің педагогикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектесу үшін сұраныстарға қызметке негізделген курсты ұйымдастырады (Krokfors және басқалар, 2011).</p>
<p>Оқытушылар педагогикалық білім саласындағы зерттеушілер ретінде әрекет етеді</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары өздерінің педагогикалық тәжірибелерін, сондай-ақ педагогикалық білім беру тақырыптары бойынша зерттеулер жүргізеді (Cochran-Smith 2005).</p>
<p>Зерттеу жұмыстарына қатысқаны үшін болашақ мұғалімдерді көтермелеу</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары зерттеулерді жүргізу тәжірибесін иелену үшін болашақ мұғалімдерді зерттеу үдерісіне қатыстырады (Visser-Wijnveen және басқалар, 2010).</p>
<p>Зерттеулер мен оқыту арасындағы өзара байланыс</p>	<p>Оқу орындарының оқытушылары зерттеулер мен оқыту арасындағы байланыс бірін бірі толықтырушы әрі айқын деп есептейді. Оқыту мен ғылыми</p>

зерттеулер жалпы және кең мағынада бірін бірі қолдайды.

1-кесте. Зерттеулерге негізделген ПБ (Cao, Postareff, Lindblom-Ylänne & Toom, 2021)

Педагогикалық білім әртүрлі әдістермен зерттеулерге негізделген білім беру тәсілдерін қолдана алады және мәдени мәнмәтін мен тәжірибеге қандай нысандары сәйкес келетінін ескеру маңызды. Зерттеулерге негізделген педагогикалық білімнің түпкілікті мақсаты – тәжірибеленуші мұғалімдерге педагогикалық ойлы, рефлексивті және оқытуға қызығушылығы бар, бағдарланған мұғалімдер болуға көмектесу. Мұғалімдердің педагогикалық ойлауы білім беру жаңалықтары мен кұбылыстарын талдау және тұжырымдамалау, оларды анағұрлым күрделі оқу үдерістерінің бөлшегі ретінде бағалау, ұтымды әрі теорияға негізделген шешімдерді қабылдау, мұғалім ретінде өздерінің шешімдері мен әрекеттерін негіздеу дегенді білдіреді. Олардың зерттеулерді қолдану, тіпті, оларды жүргізуге дайындығы олардың алда тұрған міндеттерін орындауға қабілетін арттырады (Тоом және басқалар, 2010).

Зерттеулерге негізделген педагогикалық білім оқу орындары оқытушыларының кәсіби дамуына ықпалын тигізіп қана қоймай, сондай-ақ оқытушы студенттердің де рефлексивті әрі тереңдетілген оқуына көмектеседі. Зерттеулерге қатыса отырып, студенттер сыни тұрғыдан ойлау, қиындықтарды шешу және рефлексивті дағдылар сынды жоғары бағаланатын кәсіби сапаларды иеленеді (Lunenberg, 2010). Демек, оқу орындары оқытушыларының оқытуға қызығушылығы жоғары, оларға мұғалімдерінің айтқанымен ғана шектелмейтін, мұғалімдері өздерінің оқушыларын бірлескен әрі интерактивті оқыту қызметіне жұмылдыра алуынан сабақ алатын (Berry, 2004).

Зерттеулерге негізделген педагогикалық білім беру іс жүзінде қолданылуы үшін ол зерттеу дағдыларын оқытуға, жеке зерттеу қызметін жүргізу және құжаттауға бағытталуы керек, оны педагогикалық білім беру бағдарламасында көрсету керек. Бұдан басқа педагогикалық білім бағдарламалары өздерінің студенттерінің бойында зерделеу мен зерттеуге бағдарланған жұмыс істеу тәсілін дамытып, олардың зерттеу дағдыларын жетілдіруі тиіс. Зерттеуге бағдарланған рефлексивті жаттықтырушы маман болуы үшін көп уақыт пен теория, практика және олардың арасындағы байланысты терең ойлауға лайықты орын қажет. Сондықтан педагогикалық білімнің оқу бағдарламалары жана дағдылар жайлы ой толғау мен оларды өңдеу үшін мүмкіндік беруі тиіс.

Пәнаралық оқыту

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)

CLIL (Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту) – бұл пәнді де, тілді де үйрену мен оқыту үшін қосымша тіл қолданылатын, екі деңгейлі білім беру тәсілі (Coyle, Hood & Marsh, 2010). Сонымен қатар CLIL жалпы ұғымы екі тілдік оқыту, ағылшын тілінде оқыту немесе үңілу бағдарламасы сынды басқа тілдік бағдарламаларды да қамтиды (Coyle, 2007; Mehisto, Marsh, and Frigols, 2008). Бірақ CLIL бұл тілдік бағдарламалардан пәнге де, тілге де бірдей деңгейде назар аударылатынымен ерекшеленеді (Coyle, 2008; Dalton-Puffer, 2008; De Zarobe, 2008; Marsh, 2012). Яғни тілді үйрену де емес, пәнді үйрену де емес, осы екеуінің комбинациясы болып табылады; сәйкесінше, тілге де, пәнге де назар аударылады. Кеңінен таралған пікірге қарамастан, CLIL шеңберінде оқыту шет тілін қолдану және сол арқылы жүргізіледі, бұл тілдік емес пәндер шет тілінде оқытылатын тәсіл емес (Eurydice, 2006).

CLIL енгізу себептері – білім алушыларға анағұрлым тұтас білім беру тәжірибесін ұсыну, сондай-ақ сыныпта іске асырылған пән мен тілді оқыту нәтижесі болып табылады. CLIL-дің артықшылықтары неврология және білім беру саласындағы пәнаралық зерттеулердің нәтижелерімен дәлелденді (Coyle, Hood & Marsh, 2010). Осы артықшылықтардың арқасында CLIL әртүрлі құрылымдардағы мүдделі тараптардың аудартуда.

Білім бағдарламаларын қолдану тұрғысынан CLIL тәсілі инклюзивті және икемді болып табылады; ол білім алушылардың жасына, қабілеттеріне және қажеттіліктеріне сәйкес бейімделетін бірқатар үлгілерді қамтиды (Coyle, 2007). Осылайша, CLIL-ді іске асыру пәнге байланысты өзгеріп отырады. Бірінші кезеңде тілді үйрену мысалы, белгілі бір тақырыптар немесе жобалар арқылы (мысалы, өмір салты, спорт және мерекелер) БББ енгізіліп, БББ бір немесе бірнеше пәнімен байланыстырыла алынады.

Екінші кезеңде CLIL тіл мен пән арасында (мысалы, тарих қазақ тілі арқылы, ғылым ағылшын тілі арқылы) нақты байланыс орната алады немесе ол тілді БББ бөліктерімен біріктіре алатын ауқымды тәсілді қолдана алады. Кейінгі кездері CLIL әдісі бір пәнге ғана бағытталмайды, әртүрлі пәндер немесе тақырыптар байланысы арқылы дамиды. Сабақтың мазмұны жекелеген пәндер бойынша БББ нақты тұстарын қамтуы мүмкін. Практикалық тұрғыдан алғанда, сабақтарды жоспарлау орта білім берудің пәнаралық ерекшеліктерін ескере отырып, бірқатар пәндер бойынша бірлескен жұмысты көздейді. Бірақ мұндай тәсіл жергілікті жағдайға сәйкес келетіндігін білу үшін зерттеулер жүргізу қажет.

CLIL-ді кіріктіретін қолданыстағы оқу бағдарламалары ұзақтығы бойынша ерекшеленеді: 2-3 сабақтың бірізділігінен тұратын бір кешеннен ұзақтығы жарты семестр және одан артық модульдерді қолданатын анағұрлым ұзақ тәсілдерге дейін. Кейбір сәтті мысалдарға екі тілді секциялары бар мектептер жатады, онда пәндер ұзақ уақыт бойы басқа тілді қолдана отырып оқытылады (Coyle және басқалар, 2010).

STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) білім беру

Жаратылыстану ғылымдары мен математикадағы пәнаралық, басқа сөзбен айтқанда, STEM-білім беруді, «кейбір немесе барлық – ғылым, технология, инженерия мен математика – төрт пәнді пәндер мен шынайы әлемнің қиыншылықтары арасындағы байланыстарға негізделген бір сыныпқа, блокқа немесе сабаққа біріктіру әрекеті» ретінде анықтауға болады (Moore және басқалар, 2014). STEM-білім беру білім алушылардың бойында ғылыми ақпаратқа қолжеткізу мүмкіндігін және оның өмір мен жаһандық болашақтағы мәнін түсіну қабілетін дамыту үшін STEM-сабақтарын зерттеуге негізделген жобалау мен оқытуға студенттерді дайындауға бағытталған (Feinstein және басқалар, 2013).

Белсенді оқыту жобалық оқыту, сондай-ақ сыныптан және қауымдастықтан тыс оқытудың әртүрлі шарттары мен АКТ қолдану сынды, білім алушыларға бағдарланған белсенді әдістерді қамтиды. Екінші жағынан, ғылыми-жаратылыстану білім беру ғылым арқылы оқытуға және ғылымды басқа пәндермен біріктіру арқылы STEM-нан STEAM-ға ("A" = шығармашылық (art)) өтуге басты назар аударатын құзыреттерге бағдарлануы тиіс. Қазақстандағы БББ-да «А», кем дегенде, болашақ педагогтарда гуманитарлық дағдыларды дамытуды қамтуы тиіс.

Білім берудегі цифрландыру және мұғалімдердің сандық құзыреттілігін дамыту

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мұғалімдер мен білім алушыларға оқыту мен үйрету үдерісін ынталандыру мен жетілдіру үшін инновациялық оқу ортасын ұсынады. Бұл жерде онлайн оқыту немесе аралас және гибридік оқыту сынды жаңа білім беру тұжырымдамалары әзірленеді (López-Pérez және басқалар, 2011). Гибридік немесе аралас оқытуды толық онлайн-оқытумен салыстырғанда, веб-құралдар мен материалдарды қолданып, сыныпта күндізгі оқытуды біріктіру (Garrison & Kanuka, 2004), ретінде анықтауға болады. Аралас немесе гибридік оқыту дәстүрлі оқыту нысандарына қосымша ретінде маңызы артып келеді. Көбіне бұл екі терминге ұқсас мағына беріледі, алайда, олардың айырмашылықтары да бар. Аралас оқытуды сыныптағы әдеттегі күндізгі

оқыту, электрондық оқыту мен өзін өзі оқытудан тұратын оқиғаларға негізделген әртүрлі іс-шаралардың бірігуі ретінде анықтауға болса, гибридік оқытуда оқу іс-шараларының бір бөлігі күндізгі ортадан қашықтықтан оқыту ортасына өтеді (Koohang және басқалар, 2006).

Аралас оқыту нысандары маңызды оқыту үдерістерінің тиімділігін де, нәтижелілігін де арттыруға қабілетті, ал кейбір зерттеушілер аралас оқыту дәстүрлі оқыту үлгісімен салыстырғанда да тиімдірек әрі нәтижелірек бола алады деп есептейді (Garrison & Kanuka, 2004). Аралас оқытудың басқа артықшылықтары ретінде ыңғайлылық, студенттердің қанағаттанушылығы, икемділік пен анағұрлым жоғары қатысушылық деңгейін айтуға болады (Koohang және басқалар, 2006).

Білім алушылардың саны тым жоғары болған кезде, онлайн, аралас немесе гибридік оқыту нысандары оқыту сапасын арттыруға көп жағдай жасайды (Osguthorpe & Graham, 2003). Педагогикалық білім беру шеңберінде болашақ мұғалімдер әртүрлі сандық құралдар мен платформаларды қалай қолдану керектігін өздерінің оқытушыларынан үйрене алады. Осылайша, онлайн жағдайда қолданылатын сандық құралдарды және оқыту әдістерін икемді әрі тәжірибелі қолдануды қажет ететін пандемия, саяси және қоғамдық жағдайлар сынды белгісіздік пен кездейсоқ өзгерістер уақыты талап етіп отырғандай, сандық құралдарды қолдану дағдыларын жоғары оқу орындарының оқытушылары ғана емес, сондай-ақ болашақ мұғалімдер де иеленуі тиіс.

Инклюзивті білім беру және білім алушылардың әртүрлі санаттарын мойындау

Инклюзивті білім беру – білім алушыларда болуы мүмкін дене, психологиялық және когнитивтік кемістіктеріне қарамастан, білім беруге қолжетімділікті иеленіп, өздерінің құрбыларымен бірге оқуы тиіс дегенді білдіретін қағидат. Инклюзивті педагогика – оқудың әлеуметтік-мәдени тұсы әсер ететін педагогикалық тәсіл (Florian & Black-Hawkins, 2011), және ол барынша әртүрлі әдістермен білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

«Инклюзия» және «алуандық» тұжырымдамалары оқыту мен білім беру практикасында талданады, бұл ретте инклюзияны қолдайтын іс-шаралар басты орынды иеленеді. Білім берудегі басты ұғымдар білім берудегі теңдік, қолжетімділік, даралық, өмір бойы оқу және әріптестік болып табылады. Педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің бойында өздерін инклюзияны енгізетін сарапшылар ретінде қабылдау сезімін

қалыптастыруға басты назар аударылады. Бірлескен оқу және жіктеу сынды инклюзивті педагогиканы жаңарту маңызды. Оқытушының міндеті – әр студенттің дара оқыту стилін ескере отырып, студенттер өмір бойы оқи алатындай, оларды дайындап, бағыттау болып табылады. Оқыту мен үйретуге байланысты негізгі төрт құндылық инклюзивті білім беруде барлық мұғалімдердің жұмысы үшін негіз ретінде анықталды (Еуропалық агенттік). Бұл негізгі құндылықтар мұғалім құзыретінің салаларына байланысты. Құзыреттілік салалары үш элементтен тұрады: құндылықтар, білім мен дағдылар. Барлық мұғалімдер барлық білім алушылар үшін теңдік идеясын ұстануы тиіс (Saloviita, 2018.)

Мұғалімдердің кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару

Мұғалім жұмысының қарқынды әрі тұрақты түрде өзгеріп отыратын сипатын ескере отырып, оқытушылар өзінің кәсіби жолында үнемі оқуы тиіс. Мұғалімдердің кәсіби дамуы мұғалімдердің көзқарасы мен түсінігіне, тәжірибесін жақсартуға да (Timperley & Phillips, 2003), сонымен қатар теориялық және практикалық білімдерін кіріктіріге (Tynjälä, Häkkinen & Härmäläinen, 2004) бағытталуы тиіс. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесіндегі зерттеулердің эмпирикалық деректері қазіргі қоғамның тұрақты өзгерістері аясында педагогтардың кәсіби дамуының маңыздылығын көрсетеді (Жүнісова және басқалар, 2021; Жүнісова, 2019). Оқытуға табысты енгізу тәжірибесі мұғалімдердің құндылықтары мен ұстанымдарын жиі өзгертеді, сондықтан оң тәжірибе мұғалімдердің кәсіби дамуында ерекше маңызға ие (Guskey, 1989).

Мұғалімдердің дамуы мен өсуін әрқалай түсінуге болады: 1) нені оқыту керектігін жақсырақ түсіну үшін өзінің пәндік саласын жақсырақ түсіну; 2) қалай оқыту керектігін түсіну үшін мұғалім ретінде мол практикалық тәжірибе иелену; 3) анағұрлым тәжірибелі мұғалім болу үшін оқыту стратегиясының репертуарын әзірлеу; 4) анағұрлым табысты мұғалім болуы үшін мұғалім үшін қандай оқыту стратегиялары тиімді екенін анықтау және 5) оқытуға көмектесу үшін білім алушылар үшін қандай стратегиялар тиімді екенін түсінуді тереңдету (Åkerlind, 2007).

Мұғалімдердің кәсіби дамуы ұзаққа созылған үдеріс екенін атап атқан жөн. Сонымен қатар, даму сызықтық үздіксіз болып табылмайды, керісінше, ол әртүрлі себептерге байланысты үзілуі мүмкін (Beijaard, Meijer & Verloop, 2004). Кейбір мұғалімдер өзгерістер мен дамуды қауіп ретінде қабылдайды, ал өзгеру үдерістері үрей немесе сенімсіздік сезімдерімен қатар жүреді (Postareff және басқалар, 2008). Өзгерістерге қатысты мұндай жағымсыз эмоциялар мұғалімнің назарын тарылтады (Fredrickson, 2001). Сондықтан мұғалімдер әртүрлі көздерден (мысалы, әріптестерінен, басшылардан, жұмыс ортасынан) жеткілікті қолдау мен жағымды кері байланысты алуын

қамтамасыз ету маңызды. Мұғалімдерге, сондай-ақ, сәтсіздіктер мұғалімнің кәсіби дамуының бөлшегі екенін түсініп, ал қателерді сабақ алудың мүмкіндігі ретінде қарастыру керек. Мұғалімдердің тәжірибелерімен бөлісуге және әріптестерімен серіктестікке мүмкіндігі болған кезде, бұл олардың оқуы мен дамуына жағымды әсер ететіні дәлелденген (Voogt және басқалар, 2011). Мұғалімдер өздерін жақсы сезініп, жұмысқа ынтамен қараған кезде, олардың дамуына ықпал ететін педагогикалық практикаға қатысуының ықтималдығы да артады (Fredrickson, 2001). Оқытуды дамыту – бұл үздіксіз үдеріс, сондықтан мұғалімдердің педагогикалық сауаттылығын арттыру үшін өзінің оқытуы жайлы үнемі ойлануға итермелеу керек (Parpala & Postareff, 2021).

Мұғалімдерге мұғалімнің ықпал ету, шешім қабылдау және қандай да бір әрекеттерді жасау мүмкіндігіне қатысты таңдау еркіндігін беру керек. Таңдау еркіндігін берудің мақсаты жаңа жұмыс істеу әдістерін тудырып, қызмет барысын өзгерту болып табылады (Hökkä және басқалар, 2012). Мұғалімдердің даму мен өзгерістерге қатысу мүмкіндігі болғанда, сондай-ақ олардың пікірлері шынымен маңызды екенін сезінгенде, олардың өз жұмысына деген қызығушылығы артатыны сөзсіз (Day, Elliot & Kington, 2005; Ryhältö және басқалар, 2012).

Әдебиеттер тізімі:

Білім туралы (2007). Қазақстан Республикасының Заңы; 27.12.2019 жылғы өзгерістермен.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын бекіту туралы (2021). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы.

Beijaard, D., Meijer, P. C., & Verloop, N. (2004). Reconsidering research on teachers' professional identity. *Teaching and teacher education*, 20(2), p. 107-128.

Berry, A. (2004). Self study in teaching about teaching. In J. J. Loughran, M. L. Hamilton, V. K. LaBoskey, & T. Russell (Eds.), *International handbook of self-study of teaching and teacher education practices*. Dordrecht: Springer. 1295-1332.

Biggs, J. (1996). Enhancing Teaching through Constructive Alignment. *Higher Education*, 32, p. 347-364.

Biggs, J., & Tang, C. (2011). *Teaching for Quality Learning at University*. Maidenhead, UK: Open University Press.

Boud, D. & Falchikov, N. (2006): Aligning assessment with long *Assessment & Evaluation in Higher Education*, 31(4), p. 399-413

-term learning

Cao, Y., Postareff, L., Lindblom-Ylänne, S. & Toom, A. (2021). A survey research on Finnish teacher educators' research-teaching integration and its relationship with their approaches to teaching. *European Journal of Teacher Education*.

Cochran-Smith, M. (2005). Teacher Educators as Researchers: Multiple Perspectives. *Teaching and Teacher Education*, 21(2), p. 219–225.

Coyle, D. (2007). Content and Language Integrated Learning: Towards a Connected Research Agenda for CLIL Pedagogies. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 10(5), p. 543–562.

Coyle, D. (2008). CLIL - a Pedagogical Approach From the European Perspective. In *Encyclopedia of Language and Education*, edited by N. Hornberger, p. 1200–1214. Boston: Springer US.

Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. (2010). *CLIL: Content and Language Integrated Learning*. Cambridge: Cambridge University Press.

Dalton-Puffer, C. (2008). Outcomes and Processes in Content and Language Integrated Learning (CLIL): Current Research From Europe. In *Future Perspectives for English Language Teaching*, edited by W. Delanoy, and L. Volkman, p. 1–19. Heidelberg: Carl Winter.

Day, C., Elliot, B., & Kington, A. (2005). Reform, standards and teacher identity: Challenges of sustaining commitment. *Teaching and teacher Education*, 21(5), p. 563-577.

De Zarobe, Y. R. (2008). CLIL and Foreign Language Learning: A Longitudinal Study in the Basque Country. *International CLIL Research Journal*, 1(1), p. 60–73.

European Agency. *Profile of Inclusive Teachers*. <https://www.european-agency.org/projects/te4i/profile-inclusive-teachers>

Eurydice. 2006. *Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe*. Brussels: Eurydice.

Feinstein, N. W., Allen, S., & Jenkins, E. (2013). Outside the pipeline: Reimagining science education for nonscientists. *Science*, 340(6130), p. 314-317

Flores, M.A. (2018). Linking Teaching and Research in Initial Teacher Education: Knowledge Mobilisation and Research-informed Practice. *Journal of Education for Teaching*, 44 (5), p. 621–636.

Florian, L., & Black
Educational Research Journal, 37(5), p. 813–828.

~~Brian~~kins, K. (2011)

Fredrickson, B. L. (2001). The role of positive emotions in positive psychology: the broaden-and-build theory of positive emotions. *American psychologist*, 56(3), p. 218.

Garrison, D. R., & Kanuka, H. (2004). Blended learning: Uncovering its transformative potential in higher education. *The internet and higher education*, 7(2), p. 95-105.

Guskey, T.R. (1989). Attitude and perceptual change in teachers. , 13, p. 439-453.

Hazelkorn, E., Ryan, C., Beernaert, Y., Constantinou, C., Deca, L., Grangeat, M., Karikorpi, M., Lazoudis, A., Pintó, R. & Welzel-Breuer, M. (2015). *Science Education for Responsible Citizenship*. European Commission: Directorate-General for Research and Innovation, Science with and for Society.

Hökkä, P., Eteläpelto, A., & Rasku-Puttonen, H. (2012). The professional agency of teacher educators amid academic discourses. *Journal of Education for Teaching*, 38(1), p. 83-102.

Jones, S. (2003). Measuring the quality of higher education: linking teaching quality measures at the delivery level to administrative measures at the university level. *Quality in Higher Education*, 9(3), 223-229.

Koohang, A., Britz, J., & Seymour, T. (2006). Panel Discussion. Hybrid/blended learning: Advantages, Challenges, Design and Future Directions. *In Proceedings of the 2006 Informing science and IT education joint conference* (p. 155-157).

Krokfors, L., Kynäslähti, H., Stenberg, K., Toom, A., Maaranen, K., Jyrhämä, R., Byman, R. & Kansanen, P. (2011). Investigating Finnish Teacher Educators' Views on Research-based Teacher Education. *Teaching Education*, 22(1), p. 1–13.

López-Pérez, M. V., Pérez-López, M. C., & Rodríguez-Ariza, L. (2011). Blended learning in higher education: Students' perceptions and their relation to outcomes. *Computers & education*, 56(3), p. 818-826.

Lunenberg, M. (2010). Characteristics, scholarship and research of teacher educators. In P. Peterson, E. Baker, & B. McGaw (Eds.), *International encyclopedia of education* (p. 676-680). Oxford, UK: Elsevier.

Marsh, D. (2012). *Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory*. Cordoba: Servicio de Publicaciones de la Universidad de Córdoba.

Mehisto, P., Marsh, D. & Frigols, M. J. (2008). *Uncovering CLIL Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education*. London: Macmillan.

Moore, T. J., Stohlmann, M. S., Wang, H. H., Tank, K. M., Glancy, A. W., & Roehrig, G. H. (2014). Implementation and integration of engineering in K-12 STEM education. In *Engineering in Pre-College Settings: Synthesizing Research, Policy, and Practices* (p. 35-60). West Lafayette: Purdue University Press.

OECD (2020). *Raising the Quality of Initial Teacher Education and support for early career teachers in Kazakhstan*. OECD Education Policy Perspectives, No. 25, OECD Publishing, Paris.

Osguthorpe, R. T., & Graham, C. R. (2003). Blended learning environments: Definitions and directions. *Quarterly review of distance education*, 4(3), p. 227-33.

Parpala, A., & Postareff, L., (2021). Supporting high-quality teaching in higher education through the HowUteach self-reflection tool. *Ammattikasvatuksen aikakauskirja*, 4, 2021.

Postareff, L., Lindblom-Ylänne, S., & Nevgi, A. (2008). A follow-up study of the effect of pedagogical training on teaching in higher education. *Higher Education*, 56(1), p. 29-43.

Prosser, M., & Trigwell, K. (2014). Qualitative Variation in Approaches to University Teaching and Learning in Large First-Year Classes. *Higher Education*, 67, p. 783-795.

Pyhältö, K., Pietarinen, J., & Soini, T. (2012). Do comprehensive school teachers perceive themselves as active professional agents in school reforms? *Journal of Educational Change*, 13(1), p. 95-116.

Salamanca Statement. (1994). *The Salamanca statement and framework for action on special needs education*. Salamanca: UNESCO, Ministry of education and Science. <https://www.european-agency.org/sites/default/files/salamanca-statement-and-framework.pdf>

Saloviita, T. 2018. Attitudes of Teachers Towards Inclusive Education in Finland. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00313831.2018.1541819>

Sharplin, E., Ibrasheva, A., Shamatov, D., Rakisheva, A. (2020). Analysis of Teacher Education in Kazakhstan in Context of Modern International Practice. *Bulletin of KazNU, Pedagogical Series*, 64(3), pp. 12-27.

The Universal Declaration of Human Rights (1948). <https://www.un.org/en/aboutus/universal-declaration-of-human-rights>

Timperley, H. S., & Phillips, G. (2003). Changing and sustaining teachers' expectations through professional development in literacy. *Teaching and teacher education*, 19(6), p. 627-641.

Toom, A., Kynäslähti, H., Krokfors, L., Jyrhämä, R., Byman, R., Stenberg, K., Maaranen, K., & Kansanen, P. (2010). Experiences of a research-based approaches to teacher education: Suggestions for future policies. *European Journal of Education*, 45(2), p. 331-344.

Tran, N., Charbonneau, J., Benitez, V.V., David, M.A., Tran, G., & Lacroix, G. (2016). Tran et al conference ISBT 2010.

Tynjälä, P., Häkkinen, P., & Hämäläinen, R. (2014). TEL@ work: Toward integration of theory and practice. *British Journal of Educational Technology*, 45(6), p. 990-1000.

Visser-Wijnveen, G. J., Van Driel, J. H., Van Der Rijst, R.M., Verloop, N. & Visser, A. (2010). The Ideal Research-teaching Nexus in the Eyes of Academics: Building Profiles. *Higher Education Research & Development*, 29 (2), p. 195–210.

Voogt, J., Westbroek, H., Handelzalts, A., Walraven, A., McKenney, S., Pieters, J., & De Vries, B. (2011). Teacher learning in collaborative curriculum design. *Teaching and teacher education*, 27(8), p. 1235-1244.

Åkerlind, G. S. (2007). Constraints on academics' potential for developing as a teacher. *Studies in higher education*, 32(1), p. 21-37.